



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт

ЖАСТАРЫ

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№44 (581)
31 қазан,
2024 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады



IT

САЛАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРНЫ МЕН ҰҚПАЛЫ

Қазақстан тарихының кейінгі 10 жылына зер салсақ, күн санап өзгеретін IT саласын дамыту мәселесі жиі айтылған. Себебі өркениетті елдер ақпараттық технологияны ұтымды пайдаланып, халықтың тұрмыстық сапасын жақсарту жолында жаңашылдыққа бет бұрды.

Бұл ретте елдегі тың бастаманың бірі ретінде 2017 жылы «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы іске қосылса, Мемлекет басшысы «Digital Forum 2022»-де Үкіметке 2025 жылға қарай 100 мыңға жуық IT кадр дайындауға тапсырма берді. Ал биыл қыркүйекте өткен Жолдауда Президент цифрландыру саласында қол жеткізген жетістіктерді еселей түсу керек екенін атап өтті. Ендеше өткен мен бүгіннің арасындағы уақытта не өзгерді? Қызылорданың IT сектордағы рөлі қандай?

АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ НЕҮШІН КЕРЕК?

IT сектор қарқынды дамып келе жатқан саланың бірі деп жиі айтамыз. Бұл бағыт қоғамның әрбір саласына еніп, халықтың өмір сүру деңгейін, күнделікті қарым-қатынас пен іскерлік процестерді түбегейлі өзгертеді. Себебі IT индустрияның дамуы инновациялық технологиялардың пайда болуына, жаңа экономикалық мүмкіндіктердің ашылуына және жаһандық деңгейде бәсекеге қабілеттіліктің артуына жол ашты.

5-бетте



ӨМІРДЕ АЛМАСТЫ МА АДАМ РӨЛДЕР, ТОСЫННАН ПАЙДА БОЛДЫ

«КВАДРОБЕРЛЕР»

«Досын ит болғанша, итін дос болғаны дұрыс». Бүгінде бұл мақал тұрасынан қолданылуда. Себебі төрт аяқтылардың маскасын киіп, одан қалды жануардың жүрісін, мысықтың пырылы мен иттің үргенін қайталайтындар көбейді. Тіпті мұны «квадробика» дейді-мыс. Ал трендке айналған жаңа үрдіс туралы не білеміз?

ҚАЗАҚҚА ТАҢСЫҚ СПОРТ

Квадробика жайлы білу үшін алдымен уикипедиялық деректерге сүйендік. Өйткені бұл мәдениет қазақ қоғамына таңсық һәм жат дүние. Іздей келе мұның атауы латынның quattro (төрт) және ағылшынның aerobics (аэробика) деген сөзінен шыққанын білдік. Өзін квадробер санайтындар жануарларға еліктеп, төрт аяқтап іс-қимылдарын қайталайды. Мәліметтерде мұны антропоморфты жануарларға еліктейтін «фурри» субмәдениетімен байланыстырады.

Квадроберлердің де айтары бар. Себебі ол – аэробика элементтері араласқан бейресми спорт. Ең қызығы, 2008 жылы жапондық Кеничи Ито төрт аяғымен 100 метр қашықтықты 18,5 секундта жүгіріп өтіп, рекорд орнатқаны интернетте лезде таралған. Бұл оқиға әлемнің түкпір-түкпірінде қызығушылық тудырды. Ал кейін адамдар жануарлардың қимылына



ұқсас акробатикалық іс-қимылдарды өздерінің күнделікті әдетіне айналдыра бастаған деседі. Сол секілді 2022 жылы

америкалық Колин Маклор қашықтықты одан да жылдам жүгіріп өтті. Міне, осылай жаңа «тренд» пайда болған.

4 бетте

ДОНОР: ҮГІТ ПЕН ҮМІТ

Донор болу – талай жанға үміт алауын жағу, жаңадан өмір сыйлау. Бұл медициналық жетістік бүгінде миллиондаған жанға жаңа дем беріп, олар жалғанның жарығын қайта көруге мүмкіндік алды. Донор болу тек қан бөлісіп, ағзанды беруден шектелмейді, ол сондай-ақ ұлы ізгіліктің бастамасы. Елімізде 2024 жылдың қазан айында дәм-тұзы таусылып, кейін донор атанған адам саны алтыға жетті. Олардың арқасында 23 ағзаны трансплантациялауға мүмкіндік туды. Одан бөлек жылына 400 мыңдаған қазақстандық қан доноры атанады.

Наукас жан үшін әр уақыт санаулы һәм қымбат. Олар тек физикалық тұрғыда ауырталық сезініп қана қоймай, психологиялық жағдайы да нашарлай түседі. Жазым деген аяқ асты демекші, өмірде бәрі болуы мүмкін. Ойда жоқта апатқа ұшырап, оқис жағдайдан өмірі қыл үстінде тұрған азаматтар донорлық көмекке жүгінуі

мүмкін. Мұндайда медицинаның көмегі арқылы қол ұшын созуға дайын жомарт жандарды кезіктіруге болады.

2-бетте



АУЫЛ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ АЛАМАНЫ

7 бетте



РИЕЛТОР ҚЫЗМЕТІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚҰНДЫ?


Баспаналы болу – кез келген адамның арманы. Ал оны жүзеге асыру жолында түрлі қиындықтар кездеседі. Бірі өзінің ескі үйін сатып, жаңасын алғысы келсе, енді бірі жаңа ғимараттардан өзіне жайлы шаңырақ іздейді. Осы орайда екі жақтың да машақатын жеңілдететін қызмет түрі бар. Ол – риелтор. Бүгінгі мақаламызда оның атқаратын қызметі туралы сөз етеміз.

РИЕЛТОР ДЕГЕН КІМ?

Риелтор – бұл жылжымайтын мүлікті сатып алу, сату және жалға беру секілді мәселелерді делдалдық функциялар арқылы орындайтын заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер. Бұл қызмет өткен ғасырдың 70-80 жылдарынан-ақ бастау алып, заманға сай өзгерістерге бейімделген. Әлеуметтік желідегі жарнаманың, арнайы жылжымайтын мүлік сатуға арналған платформалардың көмегімен риелтордың қызметі жылдан жылға жандана түсті.

3-бетте

Ол сатушы мен тұтынушы арасында байланыс орнатып, мәміле жасауға көмектеседі. Басты міндеті – тұтынушының мүддесін қорғау, оны нарықтағы жағдаймен таныстыру, жылжымайтын мүлікті дұрыс бағалау, құжаттарды дұрыс рәсімдеуге көмек көрсету. Делдалдық қызметті атқару үшін олар ұйымдастырушылық қабілеттерге ие болуы керек, одан бөлек құқықтық тұрғыда білімді болуы, маркетинг пен сауда дағдылары мен мергенуі маңызды.





ДОНОР:

ҮГІТ ПЕН ҮМІТ

Басы 1-бетте

Донор болудың бірнеше түрі бар және бәрінің мақсаты адам өмірін сақтап қалу. Қапелімде жантәсілім еткен жандар да ата-анасының немесе кез келген туысқанының рұқсатымен адам өмірін арашалап қала алады. Күні кеше елімізде 39 жастағы азамат бір емес, төрт адамға екінші өмір сыйлады. Ол 47 жастағы ер адамға жүрегін, 62 жастағы әйелге өкпесін, 58 жастағы әйел мен 9 жасар балаға бүйрегін берген. Бүгінде мұндай трансплантация отасына үмітті 4 мыңнан астам науқас бар, оның 200-і жыл соңына дейін шыдамауы да мүмкін. Жылына донор табылмауы салдарынан 300-ден астам адам көз жұмады.

Өкініштісі, жүрек және өкпе мүшелеріне зәру адамдар үшін донорлық трансплантация ең қажетті ем деп саналады, тіпті өмір сүруге жалғыз ғана мүмкіндік десек те болады. Көбіне мұндай отаны жасауға қайтыс болған жанның туыстары рұқсатын бермейді. Бір қуантарлығы, кейінгі 9 айдың қорытындысы бойынша, 6782 қазақстандық өз еркімен донорлық трансплантацияға келісімін ресми тіркеген. Алайда бұл адамдар қайтыс болғаннан кейін донорлыққа қабілетті болады дегенді білдірмейді. Егер адам қайтыс болғаннан кейін донор болса 4 адамды, тіпті 7 адамның өмірін өлімнен арашалап қалуға қауқарлы.

Трансплантациялық отадан бөлек, қан жетіспеушілігі туындаған науқастарға қан құю арқылы донор атануға болады. Бұл туралы ақпарат көп болса да, кейбір адамдар қан беруге қорқады. Инфекция жұқтырып алудан және қарапайым инден қорыққандықтан бұл қадамды жасауға жасқанады. Сондай-ақ кейбірі қан құюға донор болу үшін діни көзқарастарының әсерінен келісім бермейді. Алайда иудаизм, христиан және мұсылман діни мұны адам өмірін құтқару, мейірімділіктің нышаны деп қабылдайды. Сондықтан қан құюға, трансплантациялық отаға тыйым салмайды.

– Донорды анықтау өте үлкен мәселе. Әрине бұл басқа мемлекетте өте бар, бірақ біздің Қазақстанда өте күрделі. Бұл донорлық стационар басшылығына да байланысты, олар өздерінің бұл мәселеге тікелей қатысы барын, донорды анықтау керектігіне мән бермейді. Донорлар туралы ақпарат бермейді. Тағы бір мәселе – халықтың менталитеті мен донорлыққа деген көзқарасы. Олар бұл

ақпаратты қабылдай алмайды. Донор анықталғанның өзінде туыстары бас тартып, түбегейлі қарсы шығады, – дейді дәрігер Сәуле Шайқұлтанова.

Қан құюға донор болудың да арнайы өз критерийлері бар. Мәселен, ер адам жылына 5 рет, ал әйел адам 4 рет қан өткізе алады. Адам салмағының шамамен 8%-ы қанға түседі (5,5 литр) және кем дегенде жартысын жоғалту өлімге әкеледі. Сондықтан ересек адамға зиян келтірмейтін дотацияның рұқсат етілген мөлшері бір уақытта 300-450 мл құрайды. Қан беруші азамат 18 жастан асқан және салмағы 50 келден асуы тиіс. Қан өткізу үшін арнайы медицина мамандарының тегін тексерісінен өтеді. Донор әңгіме барысында қандай дәрі-дәрмек ішетінін немесе ішкенін (не үшін қабылдағанын)

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекстің 208-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес қызметкер «медициналық тексеру және қан және (немесе) оның компоненттерін донациялау» кезінде жұмыс күндері орташа жалақысы сақтала отырып жұмыстан босатылады». Яғни, сіз медициналық тексерістен өтіп, барлық критерийлер бойынша донор болуды шешсеңіз, сондай-ақ қанды жұмыс күндері тапсыратын болсаңыз – сізге ақысы төленетін екі күнді демалыс беріледі. Заңға сәйкес жұмыс беруші сізге ақылы демалыс беруге міндетті.

Айта кетейік, жыл сайын 14 маусымда Дүниежүзілік қан доноры күні бүкіл әлемде атап өтіледі. Бұл дата 1930 жылы адамның қан топтарын ашқаны үшін



жасырмай, денсаулығындағы кінәраттарды ашып айтуға тиіс. Донордың қаны үш адамның өмірін құтқаруға қауқарлы: біріне қан, екіншісіне – плазма, үшіншісіне – тромбоциттер көмектеседі.

АИТВ инфекциясы, вирустық гепатит, мерез, туберкулез, қан аурулары және қатерлі ісік секілді дертпен сырқат болған азаматтар мүлде қан тапсыруға қарсы көрсеткішке ие. Сондай-ақ уақытша шектеулерді де қарастыруды ұмытпаған жөн. Бұл тізімге мыналар енеді: тіс жүзу (10 күн); денеге сурет салу, пирсинг немесе акупунктурамен емдеу (6 ай); тамақ ауруы, тұмау, ЖРВИ (сауыққан сәттен бастап 1 ай); жүктілік және лактация кезеңі (туылғаннан кейін 1 жыл, лактация аяқталғаннан кейін 3 ай).

Физиология немесе медицина бойынша Нобель сыйлығына ие болған австриялық дәрігер, иммунолог Карл Ландштейнердің (1868-1943) туған күнімен сәйкес келеді.

Қанға донор болған адамдар орташа есеппен 5 жылға ұзақ өмір сүреді, олар жүрек-қан тамырлары ауруларынан аз зардап шегеді және суыққа төзімді болады екен. Донорларда холестериннің жақсы балансы қалыптасады, бұл инфаркт пен инсульт қаупін азайтады. Ғалымдар донорлардың ұзақ өмір сүруінің себебін былай деп түсіндіреді: донорлар гемопөз жүйесінің белсенділігін арттырады және иммунитетті ынталандырады. Сондықтан өз қанын басқалардың игілігі үшін беретін адамдар өздері де қосымша белсенді өмір сүруге энергия алады.

Донорлық туралы халық толық біле бермейді. Бұл туралы ашық ақпараттың аздығы еліміздегі донорлық мәселені күрделене беруіне тікелей ықпал етеді. Донор болғысы келетін адам өзі есепке алынған емхана арқылы жазбаша түрде өтініш, сондай-ақ электронды цифрлық қолтаңба арқылы eGov порталына кіріп, донорлыққа келісім бере алады. Келісімнен кез келген уақытта бас тартуға болады.

Донор болу – басқа біреудің өмірін сақтап қалу ғана емес, өз денсаулығыңды да жақсарту мүмкіндігі. Өзіңнің көмегің арқылы артыңа із қалдыру, қоғамға пайдаңды тигізу. Әрине, таңдау өзіңізде...



Қорлан САРЫ

Жастар жаңалықтары



ЖАРҚЫРА, ЖАС ДАРЫН!

Дәстүрге айналған «Мың бала» республикалық мәдени-ағартушылық жобасының өңірлік кезеңі қорытындыланды. Қазақ тілін еркін менгерген түрлі этнос оқушылары үшін «Жарқыра, жас дарын!» сайысы тартысты өрі қызықты өтті.

Облыстық байқауда Қызылорда қаласынан және аудан мектептерінен 7 қатысушы бақ сынады.

«Мың бала» жобасын іске асыруда жыл басынан бері облыс көлемінде түрлі форматта іс-шаралар өткізілді. Дөңгелек үстел, шығармалар байқауы, ашық диктант, кездесулер, аудан мектептерінің жазғы тынығу лагерлерінде ұлттық және спорттық ойын түрлерінен жарыстар, байқаулар ұйымдастырылды. Жобаға тартылған 1000-нан аса жас бірлікті нығайтудағы мемлекеттік тілдің маңыздылығын жете түсінді.

Шарада «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары Руслан Құрманов «Мың бала» жобасының маңыздылығын атап өтті. Бұл жоба татулық пен бірліктің, ынтымақтың алтын бастауы екендігін алға тартты.

Тартысты байқауда бірінші «Таныстыру», екінші «Салт-дәстүр – сан ғасырлық саф мұра» қазақтың салт-дәстүрінен сахнада көрініс қою кезеңі болды. Үшінші «Сықарлы ұяшықтар» кезеңінде қатысушылар ұяшық таңдау арқылы мақал-мәтелді жалғастырды. Ал соңғы кезең «Шығармашылық өнер», яғни өлең айту, билеу, көркемөз оқу немесе музыкалық аспапта ойнау арқылы өнерлерін көрсетті.

АШЫҚ ЕСІК КҮНІ ӨТТІ

Аудандық жастар ресурстық орталығының қызметкері Айдос Маратовтың ұйымдастыруымен және Арал аудандық кәсіпкерлік бөлімінің қолдауымен «Жас кәсіпкер» жобасы аясында жастарға кәсіпкерлікті насихаттау мақсатында Арал көпсалалы колледжінің студенттері «Aral Sea Food» балық зауытына саяхат жасады.

Зауыттағы жұмыс барысын шебер Азылзат Бодықова таныстырып, зауыттың жылына 4 мың тонна өнім өндіретін қуаты барын атап өтті. Бұл өнімдер еліміздің түкпір-түкпіріне және ТМД елдеріне экспортталады. Зауытта балықты өңдеу үшін заманауи құрал-жабдықтар мен қатыру құрылғылары орнатылған.

Студенттер Германия, Дания сияқты елдерге экспортталатын көксерке балығын өңдеу тәсілімен танысып, өз сұрақтарына жауап алды.

ЖЕМҚОРЛЫҚСЫЗ ҚОҒАМҒА ҚАДАМ

Аудандық жастар орталығының ұйымдастыруымен Қазалы гуманитарлық-техникалық колледжінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға бағытталған жас мұғалімдер арасында құқықтық мағлұмат беру мақсатында «Жемқорлықсыз қоғамға қадам» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Кездесу барысында орталық инспекторы Мөлдір Шахар сыбайлас жемқорлықты жүзіндеуге қоғам болып атсалысуға және сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоюын, түсіндіру жұмысының сапасын арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша өз пікірін айтты.

ҰЛТАРАЛЫҚ ТАТУЛЫҚТЫ НАСИХАТТАУ ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Аудандық прокуратураның бастамасымен Қармақшы аграрлық-техникалық колледжінде полиция қызметкерлерімен бірге студенттер арасында ұлтаралық алауыздық, бұзақылық және тағы да басқа құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Кездесу барысында студенттерге қоғамда орын алған ұлтаралық қақтығыс оқиғаларының салдары егжей-тегжейлі жеткізілді.

Сонымен қатар қылмыстық құқық бұзушылықтарға бармау, қоғамдық орындарда тәртіп сақтау жөнінде ескертулер айтылды.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР БАС ҚОСҚАН ЖОБА

Аудан әкімдігінің қолдауымен, аудандық жастар ресурстық орталығы және «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Жалағаш ауданының 85 жылдығына орай «Актөрек» сауықтыру лагерінде «Ауылға барам» жобасы өткізілді.

Жобаның мақсаты жастарға ұлттық құндылықтарымызды насихаттау, салт-дәстүріміз бен ұлттық ойындарымызды дәріптеу, аудан жастарының ауызбіршілігін нығайтып, жаңа орта қалыптастыру.

Шара барысында жастар шаруашылық жұмыстарымен, оның ішінде ер балалар қой сойып, жілікесе, қыздар жағы табаға нан пісіріп, ошаққа ас әзірлеп, қамыр жайып, күбіге айран пісірді. Жоба қызығы одан әрі жалғасып, бір тасын көтеру, арқан тарту сынды сайыстарға ұласып, жастар өзара бақ сынасты.

Сондай-ақ аудан әкімінің орынбасары Фани Сүлейменов жастармен кездесіп, олардың ұсыныс-пікірлерін тыңдап, бастамаларына қолдау білдіретіндігін жеткізді.

Шара соңында белсенділік танытып, көзге түскен жастарға арнайы алғыс хат пен бағалы сыйлықтар табысталды.

ЕРЕКШЕ ЖАНДАР ҮСТЕЛ ТЕННИСІНЕН САЙЫСҚА ТҮСТІ

Аудандық қоғамдық даму бөлімінің және «Алғыр ой» коммерциялық емес жеке қорының ұйымдастыруымен мүмкіндігі шектеулі жастар арасында «Үстел теннисі» бойынша спорттық сайыс өтті.

Спорттық шараның мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жастардың өмірге деген құлшынысын арттыру, спортпен айналысуға шақыру болып табылады.

«Үстел теннисі» сайысында жүлделі ІІІ орынды Асқар Тілетесов, ІІ орынды Онталап Башенов иемденсе, жүлделі І орынды Ерболат Мейрамбек қанжығасына байлады. Сайысқа қатысушыларға арнайы дипломдар мен қаржылай сыйлықтар табысталды.

ОТАН ҚОРҒАУШЫ – 2024

Аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің «Жастарға патриоттық тәрбие беру және жастар арасында ұлттық құндылықтарды насихаттау әлеуметтік қызметін ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында, Шиели индустриалды-аграрлық колледжінің білім алушылары арасында «Отан қорғаушы-2024» атты әскери қолданбалы спорт түрінен сайыс өтті.

Сайысқа 5 оқу тобы қатысып, жүлделі І орынды «Жас сарбаз» әскери патриоттық клубы еншілесі, ІІ орынға №61 және №62 құрама оқу топтары, ал ІІІ орынға №66 «Құтқарушы» оқу топтары лайық деп танылып, жеңімпаздарға бағалы сыйлықтар және алғыс хаттар табысталды.

«Белтемірге тартылу», «Калашников автоматтың жартылай бөлшектеу мен жинақтау», «Тир мылтығымен нысанаға ату», «Газ қағарды уақытқа кино» сайыстары бойынша үздік деп танылған жастар түрлі номинациялармен марапатталды.

Іс шараға Шиели индустриалды-аграрлық колледжі директорының оқу-тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Б.Дайрақұлов, «Шиели аудандық Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс кимылдарының ардагерлері мен мүгедектерінің қоғамдық бірлестігі» төрағасының орынбасары Ф.Жұмабаев, Тәжік-Ауған шекарасындағы ұрыс кимылдарының ардагерлері Б.Абуов және Т.Аширбеков қатысты.

ЖАСТАР ЖҮГІРУ МАРАФОНЫНДА

Аграрлық-техникалық колледжі мен аудандық «Жастар ресурстық орталығы» және «Қызылорда облысының жастар одақтары» ҚБ ұйымдастыруымен «Есірткісіз болашақ» акциясы аясында жүгіру марафоны өтті.

Жарысқа 100-ге жуық жас қатысып, өзара жүйрікті анықтады. Жарыс қорытындысы бойынша алғашқы келген жеңімпаздарға қаржылай сыйақы беріліп, ІІІ орынды Азамат Түйебай, ІІ орынды Нұрберген Қалдыбек иеленсе, жүлделі І орынды Бектөре Жақан еншіледі. Сонымен қатар 20 үздік қатысушыға марапат табысталды.

«АЖ» ақпарат

РИЕЛТОР ҚЫЗМЕТІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚҰНДЫ?

Үйді риелтордың көмегімен сатып алу қауіпті болуы мүмкін. Заңды тұрғыда баспананың құжаттарында кемшілік болуы ықтимал. Осы орайда риелтор жұмысыңызды барынша жеңілдетеді. Риелтордың қызметі халық үшін тиімді. Себебі жақсы келіссөз жүргізу үшін уақыт пен күш керек. Ал кәсіби тұрғыда осы салаға бейімделген риелтор қызметін тұтыну – сатуға немесе сатып алуда өте тиімді болуы мүмкін. Атап өткеніміздей, олар сауда нарығының қалай жұмыс істейтінін біледі, сондай-ақ заңдық тұрғыда кедергі болмауын қамтамасыз етеді. Жалпы ортақ тілмен айтқанда, олар сіз үшін «жүгіретін» адамдар. Риелтордың атқаратын қызметі оңай көрінгенмен, оның машақаты да аз емес.

– Еліміздің барлық өңірінде жылдан жылға жаңа баспаналар саны артып келеді. Бұл процесті жүргізу үшін де, негізі құрылыс компанияларына риелторлық қызмет тікелей қажет. Бұл қызметтің құрылыс және жылжымайтын мүлік нарығындағы маңызы зор, әсіресе бірінші және екінші нарықтағы үйлердің сатылымын атап өтсек болады.

Риелтордың негізгі қызметі сатып алушыға үйді тауып берумен тоқтамайды. Алдымен үйдің жарнамасын жасап, кейіннен сатып алушыға үйді көрсетеді. Үй иесі мен сатып алушы арасында ортақ мәміле жүргізеді. Жылжымайтын мүлікті сату кезіндегі нотариус қызметін, ипотекамен алынған жағдайда банк арқылы жүретін процесстерді де риелтор атқаруға көмектеседі.

Қызылорда қаласында кеңінен белгілі болмаса да, үлкен мегаполистерде риелторлық қызмет танымалдыққа ие деп айтсам қателеспеймін. Ондағы сауда нарығы қайнап жатқан қазан секілді. Мұндай жерде риелторға деген сұраныс та, табыстың көзі де көп болатыны анық. Бірақ табыс көлемі әртүрлі, сатылымдағы ғимараттың бағасына байланысты. Ең аз пайда 100 мың теңгеден басталады. Қызылорда қаласында үй сату нарығы қарыштай қоймаған. Сол себепті қызмет төлемі аса қымбат бағаға шыға бермейді.

Жұмысты бастамас бұрын бұл қызметке ақы төлеуі бойынша келісім-шарт жасалады. Үй иесі төлем жасаудан жалтарған жағдайда, заң бойынша жауапқа тартылады. Риелтордың құқығын заңгер қорғайды. Алайда мұндай оқиға риелторлық қызметте сирек кездеседі, – дейді риелтор Асылхан Жәнділдаев.

«ҚАРА РИЕЛТОРДАН» САҚ БОЛЫҢЫЗ!

Риелторларға қатысты заң әлі де жоқ. Бұл мәселе өте түйіктілігі, себебі бұл саланы да жеке заңсыз кәсіпке айналдырып, алаяқтыққа барып жүрген азаматтар жеткілікті. Олар қолдарында жоқ пәтерді сатып, шетелдік қонақтарды да тақырға отырғызып жүрген көрінеді. Өздерін «ақпарат агенттіктері» деп атап, қызметті тұтынушыға пәтерді көрсетпей, алдын ала тиісті ақысын алатынға ұқсайды. Содан кейін сатылатын немесе жалға ұсынылатын үйдің нақты мекен-жайын береді. Қарап тұрсаңыз, дел-

дал мен тұтынушының арасында заңдық тұрғыда ешқандай байланыс жоқ. Яғни, делдал ізін суытса, оның кінәлі екенін дәлелдеу қиын.

Тағы да бір ескере кететін тұсы, риелтордың қызметіне арнайы белгіленетін баға жоқ. Қанша алғысы келсе, тұтынушыдан сонша сұрайды. Ал қызмет комиссиясы қандай критерийлер бойынша бекітілгені белгісіз. Алайда бұл салада бәсекелестік өте жоғары, сондай-ақ табыс тұрақсыз болады.

Тұтынушы мен делдал арасында түсініспеушіліктер орын алуы және риелтор клиентті түсінбеуі мүмкін. Жылжымайтын мүлікті сату немесе сатып алуда ол туралы ақпаратты бұрыс берсе, бұл сатылымның сапасына сызат түсірері анық. Ал мұндай келеңсіздіктер көп кездесетін көрінеді.

БАЙЫПТЫ БАҚЫЛАУ ҚАЖЕТ

Қазан айының кейінгі мәліметтеріне сүйенсек, 2024 жылдың III тоқсанында коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалға алу бағасы 2023 жылдың сәйкес кезеңмен салыстырғанда 4,1%-ға өсті. Тиісінше бұл қызметке де сұраныс жоғары деген сөз. Мәжіліс депутаты Олжас Құспековтің айтуынша жылжымайтын мүлікті сатуға арналған «Ktisha.kz» сияқты мамандандырылған сервистерде, мүлік сату туралы басылымдарға жарияланған хабарландырулардың көп бөлігін риелторлар жариялаған.

Үйіңізді өткізіп беремін деп, ізім-қайым ақшаны ала сала жоқ болып, тақырға отырғызып кеткендер туралы бүгінде естіп жүрміз. Осы тұрғыда «бұл бәсеңдіктің алдын алатын риелторлыққа қатысты заңның жоқтығы ма?» деген сауал туындайды. Осыған орай айтаның басында Алматы қаласының «Атамекен» өңірлік палатасының алаңында жылжымайтын мүлік нарығындағы өзекті мәселелер мен перспективаларды талқылау үшін түрлі мамандар мен сарапшылардың қатысуымен риелторлар семинары өтті.

– Бүгінде риелторлық қызмет ішінара кәсіпкерлік, азаматтық және салық кодекстеріне, «Жеке кәсіпкерлік туралы», «Жылжымайтын мүлікке мемлекеттік тіркеу туралы», «Тұрғын үй қатынастары туралы» және «Жарнама туралы» заңдарға жатады. Алайда риелторлық қызмет көрсету саласын реттейтін қолданыстағы құқықтық база біліктілігі жоқ және заңсыз жұмыс істейтін адамдарды толық көлемде анықтауға мүмкіндік бермейді. Бұл мамандыққа теріс көзқарастың қалыптасуына айтарлықтай әсер етеді. Қолданыстағы құқықтық база көп жағдайда тұтынушыларды заңсыз әрекеттерден қорғайды. Қазіргі жағдай біздің азаматтарымыздың да, жылжымайтын мүлік нарығында

жұмыс істейтін кәсіпкерлердің де құқықтарының бұзылуына алып келеді, – деп есептейді өзін-өзі

өй дейтін әже, қой дейтін қожа қажет. Үкімет аппаратының басшысы Ғалымжан Қойшыбаев риелторлардың «тайраңна» тоқтау қоятынын, саланы тәртіпке келтіру бағытында жұмыстар басталғанын жеткізді.

– Елдегі риелторлық қызметті заң жүзінде реттеу қажет. Бұған риелторлардың тұтынушыларды алдауы, оларға деген сенімсіздіктің өсуі, көрсетілетін қызмет ақысын шектен тыс көтеруі, алаяқтық сияқты теріс факторлар түрткі болып отыр. Риелторлық қызметті нормативтік реттеу тәсілдерінің әзірлеу мақсатында Үкімет тиісті дайындық іс-шараларын жүргізіп жатыр. «Атамекен» палатасының, «Қазақстанның өзін-өзі реттеуші біріккен қауымдастығының», «Орталық Азия қауымдастығының» және басқа да ұйымдарының өкілдерімен бір-қатар кенес өткізілді. Оның қоры-

тындысында «Жылжымайтын мүлік нарығындағы риелторлық қызметтер» ұлттық стандарты базасында «кәсіби риелтордың» критерийлерін жасау ұсынылды, – деді Ғалымжан Тельманұлы.


Ұсынылған критерийлерге бір шолу жасасақ, риелторлар қызметін уәкілетті органға тіркеу арқылы қолдануға болады, риелтор біліктілігі мен тәжірибесі туралы ақпаратты қамтитын тізім-реестріне енгізіледі. Яғни лицензиялау, заңдастыру жұмысы жүреді. Сондай-ақ «Yandex taxi» секілді платформалық еңбекпен қамтудың пилоттық жобасы іске қосылуы мүмкін.

Талап күшейген сайын сапа да, істің салмағы да арта бермек. Қазір бұл салаға жетіспей тұрғаны – бақылау. Біліктің «бастаймыз» дегені жерде қалмай, бұл мәселе де бір жақты шешімін тапса игі.

реттейтін риелторлар қауымдастығының президенті Лариса Степаненко. Бұл салаға да

Нұршат НЫШАНОВА

Интернет алаяқтық – жаңа заманның қақпаны



Интернет пен цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы адам өмірін жеңілдеткенмен, көлеңкелі әрекеттердің де таралуына жол ашты. Бүгінде интернет алаяқтық қаржылық шығынмен қатар азаматтардың жеке мәліметтеріне қауіп төндіруде. Мәселен, Қызылорда облысында кейінгі 9 айда аталған қылмыс бойынша 199 дерек тіркелсе, жедел іздестіру шаралары барысында 74 қылмыстық іске қатысты күдікті тұлғалар анықталған. Нүктесі қойылмаған бұл мәселе бойынша шаралар қолға алынып, «CyberPol» жедел тергеу тобы құрылды. Бұл жөнінде өңірлік коммуникациялар қызметінің баспасөз алаңында өткен брифингте Қызылорда облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Тоқтыбаев толығырақ айтып берді.

– Облыстық прокуратура және Полиция департаментінің бірлескен бұйрығымен «IT-TERGEU» интернет-алаяқтықты ашу бойынша облыс орталығында «CyberPol» жедел тергеу тобы құрылды. Топқа 2 прокурор көмекшісі, 3 тергеуші, 2 жедел уәкіл және 1 маман-криминалист жасалған. Жоба барысында 4 аппараттық-бағдарлама сатып алынды. Олардың көмегімен жәбірленушілерге келтірілген 200 миллион теңгеден астам залал бойынша 81 қылмыс дерегі ашылды. Мұнан бөлек 53 қылмыскер құрықталды, – деді Серік Тоқтыбаев.

Спикер өңірде жиі кездесетін интернет

алаяқтықтың түрлеріне тоқталды. Қазір ұялы байланыс операторының атынан хабарласып сим-картаны қолдану мерзімін ұзарту үшін код сұрайды. Сол секілді банк қызметкері ретінде таныстырып, жеке деректерге қол жеткізу көбейген. Сонымен қатар Whatsapp арқылы шұғыл түрде қарыз сұрау, қаржыңызды пайыздық мөлшерлеме арқылы көбейтіп беру және әлеуметтік желілерде жылдам пайда әкелетін жалған инвестицияларды жарнамалау да кездеседі. Алаяқтардың құрбаны болмас үшін бірнеше қауіпсіздік шараларын сақтау қажет. Мысалы жеке мәліметтер мен карта реквизиттерін жарияламау, ау-

дарым түбіртектерін, код пен құпиясөзді банк қызметкеріне де, полицияға да айтпау, «Anydesk», «Air-Droid», «Кенгуру» секілді қосымшаларды орнатпау ұсынылады.

Мамандардың айтуынша, егер сіз алаяқтарға дербес ақпараттарыңызбен бөліссеніз, ең алдымен картаңызды шұғыл түрде бұғаттап, банктік қосымшадағы жеке кабинетіңіздің құпия сөзін дереу ауыстыру қажет. Егер алаяқтар шотыңыздан қаражат шешіп үлгерсе, банкке және құқық қорғау органдарына шұғыл түрде жүгінген жөн.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Басы 1- бетте

ӨМІРДЕ АЛМАСТЫ МА АДАМ РӨЛДЕР, ТОСЫННАН ПАЙДА БОЛДЫ

«КВАДРОБЕРЛЕР»

Ата-ана неге алаңдаулы?

Хош. Спорт санатына жатқызғанымен, оның қазіргі мақсаты мүлде басқа. Аталған субмәдениеттің жасөспірімдер арасында белең алғаны қоғам арасында алаңдаушылық туғызып отыр. Бұл жөнінде Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев әлеуметтік желіде үндеу жасады.

– Құрметті ата-аналар, оқырман! Сіздерге айтатын маңызды ақпаратым бар. «Квадробер» деген терминді естіп жатқан шығарсыздар. Қарапайым тілмен айтқанда, адамдардың жануарға айналуы. Бұл көбіне жасөспірімдер арасында белең алып жатыр. Кәдімгі дерт, қоғам ауруы десе де болады. Қазірден бастап алдын алмасақ, ертеңгі күні ұрпақтың тамырына балта шауып алуымыз мүмкін. Қарапайым тілмен айтқанда, адамдар, жасөспірімдер жануарға еліктейді, төрт аяқтап жүреді, солар секілді өмір сүреді, секіреді, тіпті көшеде жүрсеніз, сізді тырнап, тістеп алу қаупі де бар. Бұл Еуропада да, АҚШ-та да белең алып жатыр. Тіпті Ресейде де, Өзбекстанда да тіркелген жағдайлар бар. Сондықтан барынша сақ болайық! – деді депутат.

Расыммен, еліктеуден туған мәселе «кас пен көздің арасында» тарап жатыр. Шектен шыққандар да кездеседі. Адам айтса сенгісіз, бірақ жануардың тамағын жейтіндер де бар көрінеді. Квадробиканың физикалық тұрғыда да қауіпі бар екенін ұмытпаған жөн. Аулада, саябақта төрт тағандап жүрген жасөспірім аяқ асты жаракаттануы мүмкін. Ал психологиялық жағдайға әсері бұдан да жоғары. Баланың өз-өзін қабылдауы, мінезінің құбылуы, өзін қоршаған ортаға қажет емес сезінуі, жалғыздық және еліктеушілік жана трендке қызығатындардың сандарын көбейтеді. Психологтың айтуынша, квадробика – зиян әрі қауіпті.

– Адам өзін тұлға ретінде сезінуі қажет. Ал жануар кейпіне ауысуы қалап, қимылын қайталау ақылға қонбайды. Сөздің ашығын айтқанда бұл қоғам үшін зиян әрі қауіпті құбылыс. Егер баланыңдан квадробердің белгілерін байқасаңыз, алдымен байыпты түрде сөйлесуді ұсынамын. Себебі ұрыс немесе дөрекі қарым-қатынас жағдайды керісінше ушықтыруы мүмкін. «Ол неге квадробикаға қызықты?» деген сауалға жауап ізденіңіз. Баланың ішкі дүниесін түсініп, психикалық соққы болмайтындей әрекет жасау қажет, – деді психолог маман Сырым Елжас.

Әлеуметтік желідегі видеолар жаға ұстатарлық. Мәселен, TikTok-тағы әже мен квадробер немересі қызу талқыға түсті. Бейнежазбада жасөспірім мойын жіпке байланып, төрт аяқтап жүр. Ал желі қолданушылары мұндай көрініске «Саудын асын ішіп, аурудың әрекетін жасап жүр» деп баға берді. Сондай-ақ «квадроберлерді дұрыс түсінбейді. Біздің зиянымыз жоқ» дегендер де бар. Әлеуметтік желідегі сұхбатта екі жасөспірім қыз бұл әрекеттерін «уақытша дүние» деп түсіндірді.

– Бірнеше квадробер ерсі қылығымен көзге түскен соң, бізге де теріс пікір қалыптасты. Біздің ешқандай зиянымыз жоқ. Бұл жай ғана спорт, мәдениет. Қозғалыс менің өмірімнің бір бөлігі, бірақ уақытша екенін білемін, – деді видеода.

Ал көпбалалы ана Әльмира Тұрсынова мұның барлығы баланың бақылаусыз өскенінен болады дейді.

– Сұмдық! Қай уақытта адам жануар секілді өмір сүрген? Ақылға қонымсыз жағдай. Расыммен интернетте де бейнежазбалары көбейіп жатыр. Бала тәрбиелеп отырған ана ретінде перзенттерім үшін алаңдаймын. Баланың мұндай топқа еліктеуі бос уақыттың көптігі мен өз бақылаудың салдарынан деп ойлаймын. Егер жасөспірім уақытын тиімді пайдаланып, түрлі іс-шаралар мен қосымшаларға қатысса жануарлар секілді жүрмек түгілі, оны ойлауға да шамасы болмайды. Сонымен қатар ата-ананың тарапынан мықты бақылау болу қажет, – деді ол.

Жасөспірім жөнінде мәселе қозғалса, сол саладағы маманның да пікірін ескерген жөн. «Білім

Ыбырай» қоғамдық қорының координаторы, менторы Азамат Абимолдамен жаңа тренд жөнінде әңгімелестік.

– Өңделмеген егіс алқабы құнарсыз болады. Сол секілді толыққанды тәрбие мен мейірімге бөленбеген бала өсе келе кемелдікке жете алмай, адамзатқа пайдасы болмайды. Адам мен жануардың айырмасы тек сана еді. Алайда адам да санасынан айырылып тұрған кезеңдеміз. Ел үшін жорғалаған жастар мен құлқынның қамын ойлаған аға буын өкілдері болғанымен, жануардың халінде жүргендер де аз емес. Сол үшін өскелең ұрпақтың санасын тазарту жұмыстарын қолға алу қажет. Құндылықтары мен болмысын қалыптастыру керек. Себебі квадроберлермен күресу, оларға бірнәрсе түсіндіру ақыммақтық. Ойлаңызшы, адам өзін жануар ретінде сезсе, оның санасы бар ма, кім білсін?! Айтарым, мәселемен күрескеннен пайда жоқ. Мұны әртүрлі мәдениет пен жанадан шыққан таптардан аңғаруға болады. Кім жеңді? Керісінше көбейіп жатыр. Өйткені тегін пропаганда. Сондықтан ұрпаққа саналы білім мен тәрбие берейік. Нәтижесін уақыт көрсетеді, – деді ментор.

Қоғам қауіпіне заң қажет

«Батыр болар ма екенсің, алып тұлғалы». Ер жеткенше осындай жылы сөздерді естіп өскен бесіктегі сабиден кейін елін сыйлайтын басы да, жыр жазатын ақын да, жер қорғайтын батыр да шығары сөзсіз. Ал қазіргі бала неге жануарға еліктейді? Бұл ретте толассыз сауал емес, тұшымды жауаптың жоқтығы қорқытады һәм қынжылтады. Баланың азамат болып жетіліп, тұлға ретінде қалыптасу жолында ата-ананың маңызы мен жауапкершілігі туралы жиі айтылады. Ал нақ осы тұста әке мен ананың салғырттығы қатты байқалады. Себебі «құрпақ жалғарым» деп көкіректі көкке көтергенде жол бермейтіндер балаларының қандай контент көретінінен бейхабар. Үйдегі әке-шеше шектей алмаса, заң не дейді? Мәжіліс депутаты Дәулет Мұқаев квадроберлерге байланысты заң шығару керек екенін айтты.

– Президент үнемі айтатындай, төртпі пен заң керек. Бізде квадроберлерге байланысты заң шығару керек те шығар. Себебі бұл аурудың, яғни дерттің алдын алмасақ, ертеңгі күні өзіміз опық жейміз. Дәл осы квадроберлердің әрекетін құзырлы органдар тексеріске алу керек. Ал ата-аналарға айтарым, балаларыңызбен міндетті түрде сөйлесіңіздер, дос болыңыздар, араласыңыздар, көңіл бөліңіздер. Себебі мұның артында үлкен бір күштер де тұруы мүмкін. Балаларыңыздың жануарға айналуы ақылға қонымсыз нәрсе, бірақ мұндай жағдай болып жатыр. Мен сіздерге ескерту ретінде айтып отырмын. Сондықтан да барлығымыз бірге әрекет етейік. Мұның артында үлкен индустрия тұр. Елдер сол жануарға еліктеп, киімін киіп, құйрық жалғайды, тіпті тамағын да жейді екен. Бұл қоғам дерті, – деді ол.

Өзге мемлекеттердегі ахуалға тоқталсақ, Ресей ардагерлері ұйымы Ресейдің Бас прокуроры Игорь Красновқа әуестіктің таралуын тоқтату туралы, квадробингке байланысты тауарларды ірі маркетингтік компаниялармен біріктіріп, олардың сатуын заңдылығын тексеру, балалары квадробингке тартуды қолдайтын ата-аналарға қатысты жауапкершілік шараларын енгізу туралы өтініш жолдады.

– Мұндай жұмыстар отбасылық құндылықтарды сақтауға, нығайтуға және қоғамды қауіпті ағымдардан қорғауға оң әсер ететініне сенімдіміз, – делінген Бүкілресейлік қозғалыстың үндеуінде.

«Ведомости» ұсынған деректерге сүйенсек, биыл онлайн дүкендерде квадроберлерге арналған

заттарға сұраныс артқан. «Wildberries»-де «квадроберлер» деп көрсетілген 1218 және «квадробиктер» деп көрсетілген 14905 өнім бар.

Көрші Өзбекстанда квадроберлер ұсақ бұзақылық бабы бойынша 15 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынуы мүмкін. Соңғы мәліметтерге сәйкес, Ташкентте ішкі істер министрлігінің қызметкерлері екі квадробердің ата-аналарымен профилактикалық әңгіме жүргізген. Оларға бала тәрбиелеудегі міндеттерін орындамағаны үшін 1,875 миллион сумға дейін айыппұл салынды. Ал Александр Лукашенконың айтуынша, Белоруссияда квадроберлермен ешқандай қиындық жоқ.

Жастар арасында «Қиын уақыт мықты адамдарды, мықты адамдар жақсы уақыт әкеледі. Ал жақсы уақыт әлсіз адамдарды, әлсіз адамдар қиын уақыт әкеледі» деген пікір танымал. Бұл қағида бүгінгі мәселені айқындағандай. Расыммен,

қоғамда адамның қолайлы өмір сүруіне барлық жағдай жасалған. Ғылым, білім, әдебиет дамып, бар жақсы дүние біздің қолымызда тұрса да, Абайдың «жұмысы жоқтық, тамағы тоқтық, аздырар адам баласын» деп келетін өлеңінің кебін киіп отырмыз. Бүгінгі деградацияның себебі осыдан ба, қалай ойлайсыз?

Әлия ТӘЖІБАЙ

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚ АЗАМАТТАР ҚҰРМЕТ ТӨРІНДЕ

Айтқұл Шалғынбаева марапат адамға стимул беретінін атап өтті.

– Тоқсаныншы жылдардан бергі үш он жылдықта елдің дамуында, халықтың тұрмыс-тіршілігінде өсуінде, жалпы экономиканың өрлеуінде үлкен өзгерістер бар. Оның ішінде біздің облысымыз бүгінгі деңгейге дейін халықтың жүріп өткен жолы, облыстың даму қадамдары оңайға түскен жоқ. Бүгінгідей экономиканың қалыпты жағдайға жетіп, тіпті, өрлеуге аяқ басқан кезеңіне дейінгі еңбектің бағалануы біз үшін стимул деп айтқым келеді. Шынын айтқанда, басқа облыстармен, қалалармен салыстырғанда біздің қаламыздың, облыстың келбеті, экономикалық әлеуеті мақтанарлық жағдайда. Сондықтан да журналист ретінде де осы үлкен қарбаластың ортасында жүргеніме қуаныштымын. Қолдан қаламызды түскенше елдің, халықтың мүддесі үшін, сондай-ақ, облысымызда болып жатқан оң өзгерістерді, оң қадамдарды дұрыс жеткізу үшін, оларға үлкен сенім ұялату үшін жұмыс істеуіміз керек, – деді ол.

Брифингте еңбек ардагері, «Парасат» орденінің иегері Нәжмадин Мұсабаев та марапаттың маңыздылығына тоқталды.

– Кеше ғана өткен Қазақ елінің, тәуелсіз Қазақстанның ең ұлық мерекесі Республика күні баршаныңа құтты болсын! Біздің ұрпаққа, замандастарымызға жұмыс істеп өмір сүру, ата-бабалар армандаған тәуелсіздікті көру мүмкіндігі



туды. Соның арқасында жаңа нарықтық экономикаға сәйкес қызмет жасадық. Қолымыздан келгенше осы елдің өркендеуіне, өсуіне бар мүмкіндігімізді, білімімізді, тәжірибемізді жұмсадық. Менің осы уақытқа дейін алған марапаттарым елге өткен еңбектеріміз еленгені деп ойлаймын. Күні кеше облыс әкімі 47-ден астам әртүрлі сала маманы мен еңбек ардагерлерін марапаттады. Өздеріңіз көріп отырсыздар, Қызылорда облысының тарихында бұрын болмаған 7 Парасат орденінің 3-уі еңбек


ардагерлеріне табысталды. Бұл өскелең ұрпақ пен қазіргі ардагерлердің Отанды, елді, ұрпақты тәрбиелеудегі еңбегінің қайтарымы. Ал 14 Құрмет ордені мен Ерен еңбегі үшін және Шапағат медалі Сыр елінің еңбеккерлерінің, Сыр елі халқының, тәуелсіздік жолдарындағы атқарған жұмыстарына берілген баға деп есептеймін, – деді Нәжмадин Мұсабаев.

«АЖ» ақпарат

Ұлттық мереке – Республика күні қарсаңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен еліміздің әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуына, халықтар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайтуға қосқан елеулі үлесі мен белсенді қоғамдық қызметі үшін бірқатар азамат мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың арасында Қызылорда облысының да еңбекқор азаматтары бар. Мәртебелі марапат төрінен көрінген жерлестеріміз Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында қонақ болып, өз әсерлерімен бөлісті.

– Мен бұл мемлекеттік наградадан Мемлекет басшысының қолынан алдым. Бұл мен үшін үлкен қуаныш, орны бөлек мәртебе болды. «Құрмет» ордені тек менің емес, еліміздің барлық сушыларына, оның ішінде Сыр елінің сушыларына берілген марапат деп есептеймін. Өздеріңіз білесіздер, ел Президенті өз Жолдауында ендігі наградалардың бәрін жұмысшыларға, сушыларға, геологтар мен шахтерлерге және техникалық қызметкерлерге береміз деген болатын. Бұл марапаттар соның бір көрінісі болды. Ең алғаш осы салаға «еліме адал қызмет етсем» деген ниетпен келген едім. Міне, бүгінде соған 44 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында өзге өңірлерден де шақыртулар болды, десек те мен өз еліме, өз жеріме қызмет етуді таңдалым. Соның арқасында еңбегім бағаланып, үлкен наградаға ие болып отырмын, – деді облыстық мәліхаттың депутаты, «Құрмет» орденінің иегері Жорабек Нұрмыбетов.

Ал ақпарат саласының үздігі, сарапшы журналист, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері



IT сектордың басты бағыттарының бірі – бұлттық технологиялар. Олар ақпаратты сақтау, алмасу және өңдеу процестерін жеңілдетіп, кез келген бизнестің жұмысын икемдейді. Бұлттық жүйелерді қолдану компаниялардың іскерлік процестерін автоматтандырып, олардың жұмыс өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар жасанды интеллект және мәліметтерді талдау да IT индустрияның маңызды бөлігіне айналды. Бұл жөнінде Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қыркүйектегі Жолдауында да айтылды. Үкімет биыл жасанды интеллектті дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын қабылдады. Қазір 17 жоғары оқу орны жасанды интеллект бойынша 15 бағыт енгізген. Ал бұл мамандықтар бойынша 2196 студент оқиды. ЖИ технологиялар компанияларға тұтынушыларды терең түсінуге, олардың сұраныстарын талдауға, тиімді маркетингтік стратегияларды жасауға көмектеседі. Ал киберқауіпсіздік бұл ретте айрықша рөл атқарады. Себебі цифрландырудың артуымен ақпараттық қауіпсіздік мәселесі де күн тәртібіне шықты. Мұнан бөлек ақпараттық технологиялар халықтың цифрлық сауаттылығын арттыруға да үлес қосуда. Мәселен өткен жылы IT-Aiel бағдарламасы бойынша 2 мыңнан астам жұмыссыз әйел «No Code School», «Freelance School» курстарында тегін білім алып, компьютерлік дағдыларын арттырды.

Өткен жылдың еншісінде не бар?

Бытыр елде IT қызметтердің көлемі 1,4 триллион теңгеден асты. Көрсеткіш соңғы 3 жылда 216,7%-ға өскен деседі. Бұл қызметтердің 87,5%-ы Астана мен Алматыда тіркелсе, Қарағанды облысы 3%-ын өндіреді. Елорда қауіпсіздіктен бөлек еліміздегі компьютерлік ойын өндірісінің 80%-ын қамтамасыз етіп отыр. Деректерге сүйенсек, өткен жылы финтех, денсаулық сақтау, білім беру, электрондық коммерция және түрлі салада жұмыс істейтін 500-ден астам стартап тіркелген. Ал IT бағдарламалары бойынша бытыр 30 мыңнан астам студент оқуға түскен.

Әлемдік рейтингтегі Қазақстанның жағдайы

Киберқауіпсіздікке қайта ойысқак. 11-13 қыркүйекте Алматыда «KazHack-Stan-2024» атты хакерлік конференция өтті. Іс-шараға 6000-нан астам адам жиналып, сала сарапшылары, IT мамандар, мемлекеттік орган мен БАҚ өкілдері қатысқан. Бұл алаңда ақпараттық және киберқауіпсіздік бағытындағы өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар жаһандық киберқауіпсіздік индексі таныстырылып, 194 елдің кибершабуылға дайындығы бағаланды. Биыл Қазақстан өз

IT САЛАНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРНЫ МЕН ҮҚПАЛЫ

көрсеткішін жаңартып, екінші топқа тұрақтады. Ол дегеніміз tier 2 – ігерілеу санатына жатады. Одан бөлек tier 1 – үлгі көрсету, tier 3 – қалыптасу, tier 4 – дамып келеді және tier 5 – қалыптасу сатылары бар. Tier 2-ге Қазақстаннан бөлек Қытай, Австрия, Канада және Әзірбайжан сияқты елдер кірген. Ал 2020-2021 жылы Қазақстан рейтинг тақтасының 31-ші сатысына жайғасқан екен. Елдерді бағалау бес бағыт бойынша жүреді. Нақтыласақ, заңнамалық, техникалық, ұйымдастырушылық шаралар, адам дамуы және ынтымақтастық.

Бұдан бөлек «UN E-Government Survey» есебіне сәйкес, электронды үкіметті дамыту бойынша әлемдік рейтингте 24-орынға көтерілдік. Ал телекоммуникациялық инфрақұрылым индексімен 41-орынға тұрақтадық.

Ақпараттық технологиялар секторындағы Қазақстанның бағалануы осылай. Алдағы жоспарда шалғай жатқан ауылдарды жоғары жылдамдықты интернетке қосу ісі бар. Ол 2025 жылдан бастап жүзеге асады. Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жасұлан Мәдиевтің сөзінен, бұл жоба әлі күнге дейін ғаламторға қосылмаған елді мекендерді тұрақты және кен жолақты интернетпен қамтамасыз етеді. Әрі осы мақсатта әлемдегі сенімді, түрлі салада қолданылатын спутниктік байланыс таңдалған. Станция Қазақстанды ғана емес, бүкіл Орталық Азия аумағын қамтиды.

Қызылорда: жаңа бөлестер

Бытыр аймақта IT саласын дамытуға ерекше екіпін берілді. Бұл іс-шаралардың барлығы аймақтағы білім, ғылым, IT технологиялар, киберқауіпсіздік және компьютерлік ғылымдар саласына серпін береді деп күтілуде. Ал бүгінде жаңашылдық пен игі іске жол ашатын бастамалардың нәтижесі жаман емес.

Мәселен Республика күніне орай «Smart City Kyzylorda Hackathon 2024» IT жобалар хакатоны ұйымдастырылды. Биыл алтыншы рет өткен байқауға 330 қатысушы, 98 жоба тіркеліпті. «Байқаудың басты мақсаты – талантты мамандарды, стартап жобалар мен цифрлы шешімдер іздеу. «Smart city» эталондық стандарты аясында ақпараттық технологиялар, инновациялық жобалар саласына жастардың қызығушылығын арттыру және дамыту» дейді ұйымдастырушылар. Хакатон 3 бағыт бойынша, атап айтқанда «Әзірлеу», «Модельдеу», «Әлеуметтік және цифрлы медиа» бағыттарында жоба қабылдап, әр секциядан үздік 3 жоба анықталды.

«Әзірлеу» бағытына сайт, мобильді қосымша, бот және ойындар әзірлеу бағытындағы жобалар, «Модельдеу» 3D модельдеу, робототехника, жасанды интеллект, ақылды заттар және BIM технологиялар, «Әлеуметтік және цифрлы медиа» бағытына LMS, онлайн оқыту, анимация мен кинематография саласындағы жобалар қабылданды. Нәтижесінде «Модельдеу» секциясы бойынша «OMNI EYE», «Talk Gloves», «AetherShift» жобалары, «Әзірлеуден» «AI-DOS», «Speech app», «Qash», ал «LMS курсы», «GovTech», «Анимациямен оқыту» жобалары «Әлеуметтік және цифрлы медиа» бағытында жеңімпаз атанды.

Өткен жылғы нәтижемен салыстырғанда биыл қатысушылардың саны едәуір артқан. Бас-аяғы 98 жоба қорғалды. Ал бытыр осындай байқаудың жеңімпазы атанған жерлесіміз Астанадағы IT компанияға шақырту алды. Сондай-ақ тағы бір қатысушы инвесторлардың қолдауына ие болды, – деді «Ақпараттық технологиялар орталығы» KMM директоры Қанат Қараев.

Бұдан бөлек Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің гранты №264 мектеп оқушысы Елжан Сейдәліға, Qstem мектебінің оқушысы Аделя Дүйсенбай мен Әсем Берікке табысталды.

Сәйкесінше 1 500 000 теңгені құраған жұлде қоры әр жеңімпазға үлестірілді.

«Модельдеу» секциясында 1-орын иеленген С.Толыбеков атындағы №3 IT мектеп-лицейінің оқушысы Жантүгел Мұқағали «OMNI EYE» жобасы туралы айтып берді.

Бұл жобадан жасанды интеллект арқылы нақты уақытта объектілерді анықтау, бақылау және картада көрсету мүмкіндіктері біріктірілген. Тиімді тұстарының бірі – түрлі салада мониторинг жүргізуге болады. Мысалы мал жоғалған кезде оларды тауып, деректер базасына жібереді. Бұл жүйені төтенше жағдай кезінде қолдануға да болады. Сонымен қатар стандартты жабдықтарда жұмыс істей отырып, жоғары тиімділікті қамтамасыз етеді. Хакатон барысында біздің жобамыз техникалық шеберлігі мен практикалық қолданылуы арқасында жоғары бағаланды, – деді жеңімпаз.

Ал Жантүгел Мұқағалидің жетекшісі Анар Абдукаримова IT жобалар хакатонына оқушысы жауапкершілікпен дайындалғанын айтты.

Расымен де, ақпараттық технологиялар саласына жастардың қызығушылығы артып келеді. «Үйренсем, жаңа дүние жасап, идеямы жүзеге асырғым келеді» деген жастардың қатары көбейді. Биыл хакатон жоғары деңгейде өтті. Жыл сайын бәсекелестік артып, жаңа

бастамалардың көбейгені байқалады. Бұл, әрине облыстағы IT бастамалардың нәтижесі. «Модельдеу» бағыты бойынша оқушым Жантүгел Мұқағали ЖИ арқылы белгілі бір объектіні тауып, мониторинг жасайтын система әзірледі. Мұнымен тоқтамаймыз. Жобаны дамытып, толық іске қосуды қолға аламыз, – деді С.Толыбеков атындағы №3 IT мектеп-лицейінің оқытушысы Анар Абдукаримова.

Байқау барысында «Модельдеу» секциясының модераторы Нұрлан Құлмырзаевпен әңгімелестік. Ол бағдарламалау, модельдеу және инновациялық шешімдерді әзірлеу бағытындағы дағдыларды көрсету үшін хакатон тиімді алаң екенін айтты.

Байқауға түрлі оқу орындарынан дарынды студенттер мен мектеп оқушылары қатысты. «Модельдеу» секциясында 28 команда бақ сынап, 3D модельдеу, робототехника, жасанды интеллект, IoT және BIM технологиялары сияқты салаларда бірегей жобаларын ұсынды. Жұмыстар арасында LMS smart-city, ақылды автотұрақ жүйесі, зерттеу наноспутнигі, 3D тарих, жол-көлік оқиғаларының алдын алу бойынша шешімдер, жасанды интеллект саласындағы жобалар мен инновациялық шешімдер болды. Әсіресе ғылым мен технологияларды танымал етуге бағытталған білім беру шешімдері ерекше қызығушылық тудырды.

Айта кету керек, «Модельдеу» секциясындағы жобалар біртіндеп мектеп роботтары «EV3»-ті пайдаланудан шығып, «Arduino» платформасын қолданатын күрделі шешімдерге көшуде. Сонымен қатар симуляциялық модельдердің саны артып келеді, – дейді ол.

«Тың идеяларымен ерекшеленетін жастар бар»

«Smart City Kyzylorda Hackathon 2024» байқауы облыстағы маңызды және ауқымды IT іс-шаралардың бірі. Жаңа оқу жылымен қатар Қызылордадағы ақпараттық технологиялар саласында күзде түрлі байқау мен жинақтар өтеді. Мәселен қазан айының басында гибридік форматта «NASA Space Apps Challenge» ұйымдастырылып, оған 270-ке жуық қатысушы тіркелді. Оның ішінде 40 жоба оффлайн, 32 жоба онлайн форматта талқыланды. Аймақ жастарының ғарыштық зерттеулерге қосатын үлесі мен шығармашылық әлеуетін көрсететін мүмкіндік алаңына айналған байқаудан кейін «Digital Kyzylorda Forum: Artificial intelligence in our lives» өтті. Сала мамандары білім берудегі AI, ойын жасау, стартаптарға арналған мүмкіндіктер, ақылды қалалар, дрондарды құру әрі басқару және жасанды интеллект маманы атану тақырыптарында баяндама қорғап, тәжірибелерімен бөлісті.

Бұл форум Қызылордадағы оқушылар, студенттер мен ересектердің бір алаңға жиналып, еркін форматта кездесу өткізуі үшін онтайлы мүмкіндік. Жиын барысында цифрландыруға бағытталған барлық тақырып қамтылып, өңірдегі жаңалықтар мен жұмыстар таныстырылды. Мұндай форматтағы форум республика көлемінде де, әр өңірде де ұйымдастырылады. Бұл өз кезегінде ақпараттық технологияға жақын, қызығушылығы бар жасөспірімдер мен жастарға үлкен мүмкіндік. Алдағы уақытта түрлі байқаулар өтеді. Айта кету керек, биыл «InnoFest» инновациялық жобалар байқауының 5 жылдық мерейтойы, – деді Қызылорда облысы әкімі аппаратының цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сәбит Ибадулла.

Форумға 200-ден астам жас қатысқан. Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай жиын пандемияға дейін де ұйымдастырылған. Ендігіде жыл сайын өткізуді қолға алмақшы.

Қызылордалық жастардың IT сектордағы белсенділігі жақсы. Жыл сайын байқауға қатысушылардың саны артып, қызығушылар көбеюде. Салыстырмалы түрде облыста дипломдалған IT мамандар аз болуы мүмкін. Бірақ бәсекеге қабілетті, қызығушылығы жоғары, жоба мен стартап жасауда тың идеяларымен ерекшеленетін жастарымыз бар. IT бойынша көш басында тұрған Алматы, Астана, Қарағанды қалаларынан кейін Қызылорданың да орны ерекше. Бірақ біздегі басты мәселенің бірі мықты, білікті болашақ мамандардың Қызылордада тұрақтамауы. Өңірдегі IT орталықтардан білім алып, тәжірибе жинап, байқауларға қатысқан, көзінде «оты бар» жастар мегаполистерге кетеді. Ендігіге мақсат біздің кадрларды Қызылордаға шоғырландыру, – дейді Kyzylorda Hub жетекшісі Жанарыс Тубекбаев.

Расымен, төмен жалақы немесе әлеуметтік жағдайдың әсерінен өңірде қалыптасқан IT кадрлар өзге қалада жұмыс жұмыстеуге мәжбүр. Ал Қызылорда тек кадр «өндіруші» рөлінен қашан арылады? Бұл да шешімін таппаған түйткілді мәселе. Бірақ аймақтағы бастамалар мен жалынды жастардың оң нәтижесі болашақтың жарқын болатынына күмән келтірмейді.



Денсаулық сақтау министрінің 2024 жылғы 13 наурыздағы бұйрығымен жеке медициналық құжаттарды беру, есепке алу және жүргізу қағидаларына өзгерістер енгізілді.

ЖЕКЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰЖАТТАР ОНЛАЙН ФОРМАТҚА КӨШЕДІ

Медициналық кітапша жұмысқа қабылданғаны туралы белгімен беріледі және қызметкердің электрондық цифрлық қолтаңбасы және денсаулық сақтау субъектісінің QR коды арқылы куәландырылады. Жеке медициналық кітапшаларды беруді медициналық қызметпен айналысуға лицензиясы бар және Ресурстарды басқарудың ақпараттық жүйесінде тіркелген, меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан медициналық ұйымдар жүзеге асырады. Міндетті медициналық қарап-тексеруді жүзеге асыратын денсаулық сақтау субъектісі басшысының шешімімен медициналық мақсаттағы бұйымдарды есепке алудың, жүргізудің және берудің орындалуына, тиісінше орындалмауына жауапты адам (жалпы практика дәрігері) міндетті медициналық қарап-тексеру нәтижелері зертханалық сынақтар бойынша тағайындалады. Медициналық тексерулер мен зертханалық зерттеулердің нәтижелері медициналық ақпараттық жүйеден синхрондау арқылы ЖМК модуліне көшіріледі. Жұқпалы немесе паразиттік ауруды диагностикалау кезінде, сондай-ақ жұмысқа қабылдауға қарсы көрсетілім болып табылатын жұқпалы ауру қоздырғыштарының тасымалдануын анықтаған кезде маман медициналық техниканың ісін емдеу үшін бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін тиісті тұрғылықты жері бойынша медициналық ұйымға жіберіледі. Жеке медициналық кітапша медициналық ақпараттық жүйедегі электронды журналға жазылады. Медициналық кітап ісіннің таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тілдерінде толтырылады. Медициналық кітап ісіннің фотосуреті оған тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден синхрондау арқылы беріледі және медициналық куәландыру жүргізілетін денсаулық сақтау субъектісінің QR-кодымен бекітіледі. Ақпараттық жүйелерде фотосурет болмаса, ол ақпарат құралдарынан қолмен енгізіледі. Паспорт деректерінде оның жеке куәлігі немесе төлқұжатына сәйкес медициналық кітапшаның ісін туралы мәліметтер бар. Меншік ісін туралы мәліметтерде мамандығы мен лауазымы, жұмыс орны, туған күні, тұрғылықты жері көрсетіледі. Бұрын ауырған жұқпалы аурулар туралы мәліметтер МАЖ-нен синхрондау арқылы медициналық картаға көшіріледі. Медициналық куәландыру нәтижелері бойынша терапевт тегін, атын және әкесінің атын көрсете отырып, оның жеке ЭЦҚ-сымен расталған қорытынды жасайды. Рентгенологиялық зерттеудің нәтижесі және мамандандырылған дәрігердің ЭЦҚ-мен расталған қорытындысы МАЖ-нен синхрондау арқылы медициналық кітапшаға көшіріледі.

Жыныстық жолмен берілетін аурулардың зертханалық зерттеулерінің нәтижелері және оның ЭЦҚ расталған дерматовенерологтың қорытындысы МАЖ-дан синхрондау арқылы медициналық есепке алу кітабына көшіріледі. Профилактикалық егулер туралы ақпарат, сондай-ақ МАЖ-нен синхрондау арқылы ЖМК-ға беріледі. Патогенді стафилококтық тасымалдауға, гельминт жұмыртқаларына, бактериологиялық зерттеу және вирустық гепатит, АИТВ маркерлеріне зерттеу нәтижелері МАЖ-нен синхрондау арқылы ЖМК-ға беріледі. Маман қорытынды жасайды, ол өзінің жеке электрондық цифрлық қолтаңбасымен расталады. Жеке медициналық кітапшада маманның толық аты-жөні, ЭЦҚ және денсаулық сақтау субъектісінің QR коды көрсетіле отырып, жұмысқа қабылдау шарттары көрсетіледі. Мәліметтердің қате енгізілгені анықталған жағдайда, тиісті жазбаны енгізген денсаулық сақтау субъектісінің қызметкері өзінің жеке ЭЦҚ-сымен куәландырылған түзетулер енгізеді.

Бұйрық 2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Сол уақыттан бастап қазақстандықтардың жеке медициналық құжаттары толығымен онлайн форматқа көшеді.

А.ОМАРОВА,

Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

«СҮЙІКТІ ЖАЗУШЫМНЫҢ СҮЙІКТІ КІТАБЫ»

«Оқуға құштар ұрпақ» жобасы және «Балалар кітапханасы» атты бағдарлама аясында кітап оқуды насихаттау мақсатында Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектеп кітапханашылары мен 7 «б» сыныбының жетекшісі М.Мұсабаева «Сүйікті жазушының сүйікті кітабы» атты оқырмандар конференциясын өткізді.

Қазақ әдебиетінде өзіндік орны бар, шоқтығы биік қаламгерлердің бірі Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларын оқыған кез келген бала өмірбаянымен де танысып шығады.

Аталған шараға 7«б» сынып оқушылары қатысып, жазушының өмір жолы мен шығармашылығы және оның ерекшеліктері жайлы бейне ақпарат ұсынып, «Менің атым Қожа» фильмінен үзінді көрсетті. Сонымен қатар оқушылар жазушының көркемдік әлемін әр қырынан суреттеді.

Қазақ балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаевтың өмірі мен шығармашылығын таныстыру мақсатында өткізілген шара оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттырғаны анық.

Л.ОМАРОВА,

Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектептің кітапхана меңгерушісі

ҚАЗАҚТЫҢ БАТЫР ҚЫЗДАРЫ

Біз қазақ тарихындағы хан, батыр, билерді көп айтамыз. Ал қайсар, батыл әрі дана әйелдерді білеміз бе?

Әдетте Сақ билеушілерін айтқанда, Томирис патшайымды ғана еске түсіреміз. Алайда одан кейін тақта отырған қайратты Зарина патшайымның да есімін білген абзал. Зарина – сақ билеушісінің қызы, кейіннен сақ көсемі атанған. Ол б.з.б. 558-518 жылдары билік еткен. Сақ жеріне көз тіккен көрші патшалардың талайын жеңіп, ел тұрмысын жақсартқан, көптеген қалалар салдырған. Грек тарихшысы Геродоттың жазбаларында сақ тайпалары қыздарының батыл, өжет келетіндігі жазылған. Тіпті, садақ ату, қылыштасу, және найза лақтыру тәрізді әскери дағдыларды меңгермеген сақ қыздары тұрмысқа да шықпайтын болған. Соғыс кезінде әйелдер бүкіл отбасын, жауынгерлерді де аң аулап асырайтын болған екен.

Қазақ пен қалмақ арасындағы соғыс кезінде ерлік істерімен ел есінде қалған қазақтың батыр әйелдерінің бірі — Гаухар. Ол атакты Қаракерей Қабанбай батырдың жан жары, Малайсары батырдың туған қарындасы. Қабанбай батырдың қауіп-қатерге толы сансыз жорықтарында Гаухар ана ерекше табандылықпен қанды шайқастарға қатысқан. Гаухар қылышын қынапқа салмаған батыр атанған. Қабанбай мен Гаухардың тұңғышы Назым да өзінің ерлік істерімен тарихта аты қалған.



Назым қазақтың батыр қыздарының бірі. Қабанбай батыр мен оның жары Гаухардан туған. Әкесімен бірге XVIII ғасырда қазақ-жоңғар соғысына қатысып, Отанын қорғаған.

Қазақтың ұлы ханы Кенесары Қасымұлының қарындасы – Бопай Қасымқызы есімі де көпшіліктің жадында жоқ болар. Бопай қолбасшы 600 сарбаздан құралған топты басқарған. Ол Кенесары әскерін жабықтаумен шұғылданды, халықтан салық жинады. Кенесары Қасымұлы құрған хандықтың сыртқы және ішкі саясатына белсенді араласып, аянабай тер төгеді. Бопай қолбасшы өзіндік туа бітті ерекше қасиеттерге ие. Оған өжеттік, көсемдік,

жеңіске деген сенім, қиын-қыстау қатерлі шақтарда өзін-өзі ұстайтын салқындылық, болаттай жігер-қайсарлық, жинақылық, өз ісіне шеберлік, шешендік, тәртіптілік, оптимизм тән дейді.

Күнмжан – өмірін ел тәуелсіздігі үшін күреске сарп еткен Кенесары ханның әйелі. Ол Абылай ханның немересі. Күнмжан азаттық жолындағы күрестегі барлық оқиғалардың куәсі болып қана қоймай, патша үкіметінің отаршылдық озбырлығы мен ел басына түскен ауыртыпшылықтың бәрін Кенесары ханмен бірге көтере білген.

Айсара МЕЙРАМБЕКОВА

Қызылорда қаласындағы Қараөзек ауылының киелі топырағынан шыққан ақын-жазушылар, батырлар, өнші-жырау, елге қызмет еткен тарихи тұлғалар жайлы мақтанышымен айта аламын. Соның бірі Қазақстан Суретшілер Одағының, Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, ҚР Мәдениет саласының үздігі, Сырдария ауданының «Құрметті азаматы», Қазақ ССР оқу ісінің үздігі – Жәнібек Маханбетов туралы қалам тербеп, сіздерге таныстырып өтсем.

Жәнібек Асанұлы 1950 жылы Сырдария ауданы, Қызылөзек ауылдық кеңес камтуында дүниеге келген.

1958 жылы Н.К.Крупская атындағы 8 жылдық мектептің 1-сыныбына қабылданып, бесінші сыныпқа дейін оқып, 1963 жылы Қызылорда қаласындағы №1 май мектебінде 10 сыныпты 1968 жылы тәмамдаған.

1968 жылдан бастап қазіргі Асқар ауылында механизатор, клуб меңгерушісі, Жастар ұйымының жетекшісі қызметін атқарып, 1979 жылдан №135 орта мектебінде, 1993-2000 жылдары №39 «Қызылөзек» орта мектебінде еңбек пәні мұғалімі болып, аудандық оқушылар үйінде үйірме жетекшісі әрі аудан орталығындағы тарихи-өлкетану музейінде аға ғылыми қызметкер болып еңбек етті.

2016 жылы зейнеткерлік демалысына шықты.

Өлке тарихын зерттеумен бүгінде 40-тан астам зерттеу мақалалары, облыстық «Сыр бойы», аудандық «Тіршілік тынысы» газет беттерінде жарық көрді.

«Тіршілік шеңбері» атты кітабы 2016 жылы «Қызылорда-Қанағаты» ЖШС баспаханасында басылып шықты. «Аңыз негізі – ақиқат» кітабының жақында тұсаукесері болып өтті.

ДАРА ТҰЛҒА

Республикалық «Хабар», «Қазақстан», облыстық «Қызылорда» телеарнасының «Қалжан ахун» жайлы түсірілген деректі фильмінде «Қалжан ахун» туралы зерттеулерін баян етті. 2016 жылы Ж.Маханбетов белгілі қоғам қайраткері, 1918-1945 жылдары Партия-комсомол қызметкері Нұрмағанбет Мұратбаевтың өмірі мен еңбек жолын зерттеп, зерттеу жұмысы барысында жинақталған материалдардан «Тіршілік көзі» атты кітапты жарыққа шығарды.

1987 жылдан бері ағаш ою өнерімен айналысуда. Жәнібек атамыз жергілікті ағаш түрлерінен, оның ішінде қара тал, қарағай, жиде, сыр талы, үйеңкі, қайың ағаштарын пайдалана

нып, қазіргі қолданыстағы және бұрынғы пайдаланылған ағаш бұйымдарын жасаумен айналысады. Оның туындылары түрлі көрмелерде көрсетіліп жүр. Атап айтсақ, 1987 жылы Москвада өткен колонер шеберлерінің фестиваліне қатысып, СССР суретшілер Одағының дипломына ие болған.

2008 жылы Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің музейінің ашылу рәсіміне қатысып, жеке шығармашылық көрме

лист. Осы «Шебер – 2015» конкурсында «Төлтұмалық» номинациясы бойынша жеңімпаз атанған. 2017 жылы Астана қаласында өткен әлемдік «EXPO-2017» көрмесінде өз туындыларынан көрме ұйымдастырып, 15 күн шеберлік сыныбын көрсетті. Туындылары Американың Аризона штатында, Канаданың Калгари, Англияның Лондон, Ресейдің Москва, Қазан қалаларында және де Қазақстанның әр қаласындағы жекелеген азаматтарда да бар.

Ол кісіні ұстаз, суретші, ағаш шебері, өткетанушы, зерттеуші, жазушы қырынан таныдым.

Ж.Маханбетов бүгін бір ұлттың тарихын, ата-бабаларымыздың жаугершілік заманнан бастап өткерген қиындықтары, ашаршылық жылдарыдағы тағдыр тауқыметін, батыр бабаларымыздың ерлігін, би-шешендер, ақындардың ел дамуы жолындағы еңбегін зерттеп, халыққа, келер ұрпаққа танытуда.

Нұрсұлман ИСАТАЙҰЛЫ,
№39 «Қызылөзек» орта мектебінің
10 А сынып оқушысы

Жетекшісі:
Жанна ОМАРОВА,
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі,
Қызылорда асылы,
Қараөзек ауылы

ТУҒАН ЖЕРІМ – ЖАҚҰТЫМ

Әкемің көлігі Түркістан облысы, Сайрам ауданына қарай жігіткіп барады. Терезеден еліміздің әсем табиғатын тамашалап, ауылға жеткенше асығып келемін...

Менің туған жерім – Сикым елді мекені. Сикым Жаманесті ұлы Дулат руынан шыққан әйгілі батыр баба. Ел қорғаудағы, ел басын біріктірудегі еңбегімен тарихта аты қалған. Ұрпақтары да батыр болған бабаның құрметіне ауылға есімі берілген. Біз қалаға көшіп кетсек те, ауылда үлкен ұй бар. Қарашаңырақты толтырып, төрінде әжем отырады. Өзін әжемнің кең құшағын, мейірімін сағынып келемін.

Көліктен түсе сала, әжемнің құшағына жүгірдім. Құрт-майса аңқыған туған жерімнің жұпар иісі әжемнің киіміне әбден сіңіп қалғандай. Көпке дейін жібермей еркелеп алдым. Жаз бойы әжемнің жанында болдым. Бірге ағарғанды ұйытып, құрт жасап, қозы-лақтарды айыруға жәрдемдестім. Әжеме үй тірлігіне, бау-бақша жинауға көмектестім. Биылғы егін жемісті болды. Туған жердің дәмі тіл үйіреп қауын, әңгелектерін тойғанша жемді.

Екеуміз бірге жүріп, қызықты әңгімелерін тыңдадым. «Әрбір жетістіктің артында үлкен еңбек

болады. Арманына, мақсатына көл жеткізу үшін аянабай еңбек етуің керек», – деді әжем. Оның әрбір айтқан сөзін жадымда сақтадым. Туған жеріме деген сағынымымды сөйлітіп, ауылдағы достарыммен де асыр салып ойнадым.

Жазғы демалысым осылайша ауылда қызықты өтті. Уақыт тұлпар. Қалай зулап өте



шыққанын аңғармаппын. Әжем бізге арнап жинаған тәттілері мен құрт-майын, қазы-қартасын көлікке салып жатыр. Қалаға қайта барып, сабағымды оқып, ата-анам қолғабыс етуім керек. Әжеммен, бауырларыммен қимай қоштасып, әкемің көлігіне қайта жайғастым. Ауылдан ұзап кеткенше терезеден қол бұлғап, қарап отырдым.

Нұрай НҮРЛАН,

Мырзбек Дүйсенов атындағы жалпы білім беру №15 мектеп-лицейінің оқушысы, Қызылорда қаласы



ТҮРКІСТАННАН ЖЕҢІСПЕН ОРАЛДЫ

Түркістан шаһарында V халықаралық балалар, жасөспірімдер мен жастарға арналған «Түркістан сазы» атты өнер байқауы өтті.

Аталған байқауға Белкөл кентіндегі №189 орта мектептің ән-өзес пәнінің мұғалімі Гүлжан Шоникованың жетекшілігімен өнерлі оқушылар қатысып, жүлдемен оралды.

Шәкірттерімізге бұл байқау ерекше әсер етті. Әділ қазылар талантты шәкірттердің өнерін саралап, нәтижесінде үлкен топ бойынша «Алға» әнін орындаған Назым Сәулбек пен Әсем Рустамбек бас жүлдені иеленді. Ал кіші топтан Дарын Саматұлы мен Аршын Нұқы «Әке-Ана» әнін бірге шырқап, бас жүлдені қанжығасына байлады. Жеке орындауда Қәусар Бағдат пен

Әсемай Нұрлан да жүлделі бірінші орынды олжалап оралды. Осылайша шәкірттеріміз Түркістан шаһарының үлкен сахнасында Сыр елінің мәртебесін биікке көтерді.

Жас таланттардың қабілетінің ашылуына себепкер болған, шығармашылық деңгейді дамытудағы ісіне қазылар кәсіби іскерлігі мен өз ісін адалдығы үшін Гүлжан Шоникова «Үздік ұстаз» дипломымен марапатталды.

Гүлмира ЖЕТКЕРГЕНОВА,
№189 орта мектебінің музыка пәні мұғалімі

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

«БІРЛІК-ЕМТ» ЖШС (БСН 040840011358) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Иіркөл а/о. Байланыс тел.: 87022708080.

Жыл сайын Қызылорда облысында ауыл спортшыларының дәстүрлі «Алтын күз» облыстық спартакиадасы өтеді. Биылғы бәсекені өткізу құқығы Сырдария ауданына бұйырып, өмірдегі 1000-ға тарта спортшы аудан орталығына ат басын бұрды.

Төрт күнге созылған дүбірлі дода биыл XXXVII рет ұйымдастырылып отыр. Әр ауданнан келген кіл мықты спортшылар 16 спорт түрін жүлделерді сарапқа салып, өзара мықтыны анықтады.

Орталық стадионда өткен спартакиаданың алғашқы күнінде спортшылар кермеге тартылу бойынша сынға түсті. Нәтижесінде I орынды Шиелі ауданы иеленді. Ал II орын Арал ауданына бұйырса, үздік үштікті Жалағаш ауданы түйінделі.

Осы тұста ақыл-ойдың ойыны шахматшылар арасында да тартысты дода басталып кеткен-ді. «Мансұр» спорт кешеніндегі сайыста Жанақорған ауданынан келген спортшылар қарсылас шақ келтірмей жеңімпаз атанды. Одан соң Шиелі ауданы II орынға тұрақтап, III орынды Арал ауданы қанағат тұтты.

Ауыл спортшылары асық ату мен бес асық бойынша да өзара мықтыны анықтады. Ең бірінші асық атудан сынға түскен ер балалар арасында жүлделі I орынды Сырдария ауданы иемденді. Ал Арал мен Қазалы аудандарының қатысушылары II және III орындарға тұрақтады. Сол секілді қыздар арасындағы бес асық сайысында I орынды Арал, II орын Жалағаш және III орынды Қармақшы ауданы еншіледі.

Спартакиада барысындағы ерекше спорт түрі – теңге ілу. Мұнда Жанақорған ауданының жігіттері ат үстіне еркін көсіліп, топ жарды. Осылайша жеңімпаз атанып, көш бастады. Сол секілді көршілес жатқан Шиелі ауданы II орынды еншілесе, III орынды Жалағаш ауданы місе тұтты.

Уақыт пен есепті талап ететін тоғызқұмалақ ойыны бойынша сынға түскен жергілікті Сырдария ауданының ерлері өзгелерден оза шауып, жеңімпаз атанды. Ал қыздар арасындағы тартыста Жалағаш ауданының арулары үздік болды. Бұдан бөлек, ерлер бойынша Қазалы ауданы II орын иеленсе, III орын Жалағаш ауданының қоржынына түсті. Сол секілді әйелдер арасында II орын Сырдария мен III орын Қазалы ауданына бұйырды.

Жалпы ауыл спортшыларының спартакиадасында әрбір ауданда қомақты ұпай түсіретін спорт түрлері – командалық ойындар. Сондықтан да болар бұл спорт түрлері тартысқа толы болады. Оған дәлелі FIBA ережесіне сәйкес 3*3 форматтағы баскетбол ойыны. Бұл форматта биыл алғаш рет өткізіліп отыр. Мұнда Шиелі ауданының жетігері мен арулары жеңімпаз атанды.

Командалық ойындар басталғанда барлық жанкүйер орталық стадионға ағылмай отырмай-сталапты анық. Спорттың бұл түріне ерекше қызығатындар көрермен ақлопшылардың аламанын көруге асығады.

Биылдан бастап шағын футбол форматында (6*6) өткізілетін футбол аяқтық сынында Шиелі мен Қазалы аудандары күш сынасты. Жалағаш ауданының футболдан тартыс бапшысына шешіліп, жеңімпаз болып шықты. Ал Шиелі ауданы күміс және Қармақшы ауданы қола жүлдеге ие болды.

Спортшылар Президенттік көпсайыстан да бақ сынасты. Нақтыласак, бұл – 18-29, 30-39, 40-49, 50 және одан жоғары жас аралығындағы командалар арасында жарыс. Мұнда сай-

ыс қатысушылары жүгіру, спаряд лақтыру, ұзындыққа секіру мен малтық ату сынды сайыстар бойынша ерлер мен әйелдер болып командалық бәсекеге түседі. Қорытындыға сүйенсек, I орынды Жалағаш, II орынды Сырдария және III орынды Арал ауданы қанағаттанды.

Сырдария ауданының спортшылары волейбол ойынына жандарын салды. Осылайша ерлер арасындағы тартыста Қазалы ауданының бір бас жоғары тұрған ойынымен қарсыласынан жеңімпаз болды. Ал екінші орын Қазалы ауданы иеленді.

Қыздар арасындағы ойындардан да осылай болмасы анық. Мұнда жанақорғандық арулар үздік болды. Аралдан келген спортшы қыздар II орын ала, жергілікті команда үшінші орынға тұрақтады.

Жарыстың 4 күнінде гандбол ойында бірнеше жылдан бері Жанақорған мен Қазалы ауданының арулары финалдық сында тартысқа түсіп, бірінен бірі айласын асырып келеді. Сырдария ауданында осындай тағы бір

ойынның күрәсі болды. Қос ауданның спортшылары соңғы секундтарға дейін таласты. Ақырында жанақорғандық қыздар өз аудандарына жеңіс сыйлады. Қазалы спортшылары II орынды иеленсе, үздік үштікті Жалағаш ауданы қорытындылады. Осылайша жыл сайын дәстүрлі түрде өтетін «Алтын күз – 2024» ауыл спортшыларының XXXVII облыстық спартакиадасы өз мәресіне жетті.

Сырдария аудандық мәдениет үйінде үздік нәтиже көрсеткен спортшылар марапатталып, арнайы кубоктар табысталды. Төрт күнге созылған бәсекенің қорытындысы бойынша барлығы 113 ұпаймен Шиелі ауданы биылғы жылдың жеңімпазы атанды. Төрт күнге ұпай еншілеген Жанақорған ауданы күміс жүлдеге ие болды. Бұдан бөлек, Арал ауданы – 99, Жалағаш ауданы – 95, Қазалы ауданы – 94 және Қармақшы ауданы – 66 ұпай еншілеп, кейінгі орындарға жайғасқан.

Салтанатты шара соңында Сырдария ауданы ауыл спортшыларының жалдауын Жалағаш ауданына табыстады. Бұл дегеніміз «Алтын күз – 2025» облыстық спартакиадасы келер жылы Жалағаш ауданында өтеді.

АУЫЛ СПОРТШЫЛАРЫНЫҢ АЛАМАНЫ



РИЗАБЕККЕ ЕЛ РИЗА

Жуырда Албанияның Тирана қаласында жастар арасында әлем чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеде 97 келі салмақта бақ сынаған Ризабек Айтмұхан жеңімпаз атанып, көк туымызды көкте жілбіретті.

елінің жеңісі! Халқым мен отбасымның қолдауының және де адал еңбектің арқасында бүгін де 3 дүркін әлем чемпионы атану бұйырды, Аллаға шүкір!

Алдағы уақытта бірнеше жарыстарда еліміздің туын асқақтатып, олимпиаданы бағын-

дыруға күш салатын боламын. Сіздерді әрі қарай чемпиондарымызды жеңісте ғана емес, жеңілісте де қолдап, шын жанкүйер болуға шақырамын!, – деді Ризабек Айтмұхан белдесуден соң.

Айта кетейік, ол бұған дейін қыркүйек айында өткен 20 жасқа дейінгі әлем чемпионатында да жеңімпаз атанды. Былтырғы жылы 92 келі салмақта ересектер арасында Қазақстаннан шыққан алғашқы әлем чемпионы болды. Яғни, 1,5 жыл ішінде отандасымыз үш түрлі жас санаты мен екі салмақ дәрежесінде әлемді мойындатып отыр.


Дегенмен Ризабек Парижде өткен Олимпиада ойындарында қатыспады. 97 келі салмақтағы ішкі іріктеуде Әлішер Ерғалиға есе жіберген еді.

Қазақстан ұлттық құрамасының 20 жастағы еркін стильдегі балуаны Ризабек ширек финалдан сүрінбей өтіп, жартылай финалда ресейлік Шамиль Имам Гаджиалиевпен күш сынасқан еді. Нәтижесінде 7:4 есебімен қарсыласын қапы қалдырды. Ал финалдық бәсекеде ирандық Махди Морафамен белдесіп, тізе бүктірген болатын.

Финалдық шайқас тартысты өтті. Екі палуанда бар күш-жігерін салды. Алғашқы минуттардан-ақ қос спортшы бір-бірінен ұпай алып, белдесудің жартысын тең аяқтады. Шешуші кезеңде Ризабек белсенділік танытып, қарсыласынан айласын асыра білді. Осылайша толық белдесу 11:6 есебімен отандасымыздың пайдасына шешілді.

– Тарих жазуды тоқтатпаймыз. Бұл жеңіс менің ғана жеңісім емес, бүкіл казак

Төрткүл дүниені аяғына телмірткен атакты футболшылар үшін құнды сыйлық – «Алтын доп». Олар үшін бұдан артығы жоқ. Сол үшін жасыл алаңда жанын салып, тер төгеді. Жыл сайын қоңыр күздің соңғы күндерінде өтетін марапаттау кеші биыл Францияның Париж қаласындағы Шатле театрында өтті. Мұнда дәстүр бойынша маусымның ең үздік футболшыларымен қатар ең үздік банкер, қақпашы, жас футболшы және үздік әйел футболшы да анықталады.



ФУТБОЛ: «АЛТЫН ДОП» ИЕГЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

Негізі бұған дейін «Алтын доп» жеңімпазы анықталып қойғанын әлем басылымдары жарыса жазған болатын. Барлығы дерлік бразилиялық ойыншы, «Реал Мадрид» шабуылшысы Винисиус Жуниордың иеленетін айтып дабыл қакты. Бірақ керемет кештің өтетін күні таяп, санаулы сағаттар сырғығанда барлығы күрт өзгерді. Тіпті берілген дауыстардың мәліметі жария болып, Испания құрамасы мен «Манчестер Ситидің» жартылай қорғаушысы Родри жеңімпаз болатыны анықталды. Осылайша, «France Football» басылымының қорытындысымен 2024 жылдың «Алтын доп» иегері Родри атанды. Бұған дейін Испания ойыншыларына және «Манчестер Сити» ойыншыларының ешбіріне бұл атак бұйырмаған.

Ал жұрт болжаған Винисиус екінші орынға жайғасса, Джуд Беллингем – үшінші, Даниель Карвахаль – төртінші және Эрлинг Холанд бесінші орынға лайық деп танылған.

Жоғарыда атап өткендей, маңызды күнде «Барселона» клубының шабуылшысы 17 жасар Ламин Ямал «Алтын бала» атағына қол жеткізді. Бұл жыл бойына үздік нәтиже көрсеткен жас ойыншыларға берілетін сыйлық. Сондай-ақ биылғы жылдың үздік клубы «Реал Мадрид» болды. Ал клуб банкері Карло Анчелотти «Үздік банкер» болса, шабуылшысы Килиан Мбаппе мен Бавария құрамасының сурмергені Харри Кейн «Үздік шабуылшы» екені белгілі болды. Мұнан бөлек аргентиналық қақпашы Эмилиано Мартинес атакты «Лев Яшин» атындағы жүлдеге қол жеткізіп, әлем қақпашыларын басып озды.

Айта кетейік, мәртебелі атакқа дауыс берушілер тек Фифа-ға енген құрамалардың бас банкерлері, капитандары және әр елден белгіленген спорт журналистері бола алады.

Бетті дайындаған
Нұр БАҚЫТ

Шетелде білім алу – жеке өсу мен дамудың тамаша мүмкіндігі. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің химия мамандығының студенті Қуаныш Сапарбек үшін бұл мүмкіндік Польшада жүзеге асуда. Қуаныш «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы арқылы Лодзь университетінде білімін жетілдіріп жүр.



ҚУАНЫШ САПАРБЕК:

ПОЛЬШАДАҒЫ

ОҚУ ТӘЖІРИБЕСІ ЖАҢА БАСТАМАЛАРҒА ТЫҢ СЕРПІН БЕРЕДІ

Ізденімпаз студент Польша мен Қазақстанның білім беру жүйесін салыстыра отырып, Лодзь университетінің оқыту тәсіліндегі өзіндік ерекшеліктерді атап өтті.

– Лодзь университетінде студенттерге арналған жеке сабақтар ұйымдастырылады. Бұл олардың пәнді тереңірек меңгеруіне мүмкіндік береді. Польшадағы білім беру бағдарламасында айтарлықтай артықшылық байқалмааса да, лабораториялық заманауи құралдармен жабдықтауы тәжірибе жинауға қолайлы жағдай жасайды, – дейді Қуаныш.

Польшаның табиғаты мен жергілікті халықтың менталитеті Қуанышқа ерекше әсер қалдырды. Жаңбырлы, бұлтты ауа райы оған кинода жүргендей сезім берсе, поляк халқының сыйайлылығы мен мейірімділігі оның жаңа ортаға тез бейімделуіне ықпал еткен.

Қуаныштың айтуынша, Польшадағы студенттік өмір ерекшікке толы. Университеттегі түрлі шаралар, көңілді кештер мен студенттердің басқосулары жиі ұйымдастырылады. Жат елде туындаған басты қиындық – тіл мәселесі болған. Кейбір адамдардың ағылшын тілін білмеуі қарым-қатынасты қиындатқан.

Ал Қуаныш үшін ең есте қаларлық оқиға – басқа қазақ студентінің туған

күнін бірге атап өтуі болды. Қызықты құттықтау сәттері естеліктер қалдырған. Химия саласында білім алып жүрген студент үшін Польшадағы оқу кәсіби дамуға айтарлықтай серпін беруде. Қазақстанда химия мамандарына сұраныс жоғары болғандықтан, алған білімін өз елінде қолдануды жоспарлап отыр.

Қуаныш бос уақытында спортпен шұғылданып, подкаст тыңдайтын және демалыс күндері өзге елдерге саяхат жасап, дүниетанымы кеңейткенді жөн санайтынын жеткізді.

Қуаныш Сапарбектің академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы білім алуы барлық бастамаларына жаңа серпін береді деп сенеміз.

Айта кету керек, биылғы күзгі семестрде Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 15 студенті Польшаның Лодзь университетінде білім алуға мүмкіндік алды. Бұл студенттер «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы аясында арнайы іріктеуден өтіп, Польшаға оқуға жіберілді. Жастардың білім жолындағы бұл қадам оларға халықаралық тәжірибе жинауға, жаңа білім алуға және мәдениеттер арасындағы байланысты нығайтуға үлкен мүмкіндік береді.

Нұрай ЗИНАДУЛЛАҚЫЗЫ

ОНИОМАНИЯ: ҚҰМАРЛЫҚ ПА, ДЕРТ ПЕ?

Таныстарымыздың арасынан әлдебір бұйым не киім сатып алудан ләззат алатын адам міндетті түрде табылады. Тіпті бұл құмарлық өз бойымызда да қыла берсе таң қаларлық жағдай емес. Ғылым тілінде мұны «ониомания» деп атайды.

Ониомания – психология ғылымында зат сатып алуға деген құштарлықты сипаттайтын термин. Оның түпкі мағынасы «саудаға құмарлық» дегенді білдіреді. Жалпы тілде «шопоголизм» атауына ие екені барлығына мәлім. Шопоголиктер қажетсіз тауарларды сатып алып, кейін өкінгенім бұл әдетінен тыйыла алмайды. Сонымен, ониомания құмарлық па, әлде дерт пе? Осы сауалға жауап іздеп көрейік.

Біріншіден, әрекетке әсер етуші психологиялық себептерді қарастырайық. Көп жағдайда сауда жасау – күйзелістен құтылу, жалғыздықты сезінгенде немесе бос уақытты толтыру тәсілі ретінде көрініс табады. Сауда жасау кезінде адамдар өзін жақсы сезінеді, бір сәтке болса да күйзелістен арылып, ләззат алады. Мұнда әлеуметтік қысым да маңызды рөл ойнайды. Оның ішінде жарнама, әлеуметтік желілер, айналадағы адамдардың пікірі артық сауда жасауға итермелейді.

Екіншіден, физиологиялық себептер де құмарлықтың дамуына ықпал етеді. Мысалы, сауда жасау кезінде мидың «ләззат орталығы» белсендіріліп, дофамин бөлінеді. Бұл гармон – қуаныш сезіміне жауап береді, сондықтан адамның қайта-қайта сауда жасауды жаны қалап тұрады.

Үшіншіден, қоғамдық факторлар. Қазіргі тұтыну қоғамында сауда жасау – өмірдің маңызды бөлігі іспетті. Әрбір адам өзінің тұрмыс деңгейін, мәртебесін, табысын көрсету үшін тауарларды сатып алады. Кейбіреулер үшін бұл сәттілік пен байлықты көрсету тәсіліне айналып отыр.

Зат сатып алуға деген құштарлық толықтай дендеп кетпесе де әрбіріміздің бойымыздан табылатыны ақиқат. Тіпті кейде ессіз сәтте жасалған саудадан еспсіз шығынға ұшырап жатамыз. Қажетті-қажетсіз екенін саралап жатпай, сатып алатынымыз тағы бар. Бұған дүкендер мен супермаркеттердегі маркетингтік жүйе де әсер етеді. Мәселен сауда орталықтарындағы баю әуен клиенттің аралау уақытын ұзартса, жылдам әуен көңіл-күйін көтеріп, еркінен тыс сауда жасауға итермелейді. Мұның барлығы саналы түрде бағамдан жатуға шаманың жете ме?

Сондай-ақ қасқа капталында орналасқан түрлі тәттілер де назар аудартап қоймайды. Ұзын-сонар кезекте тұрып-ақ, қажетті-қажетсіз тағы бір затты себетімізге қосып аламыз. Осылай маркетингтің құрбаны болғанмызды аңғармай да қаламыз. Яғни әрбіріміздің бойымыздағы белгілі бір деңгейдегі ониоманиялық ауытқуды жоққа шығара алмаймыз.

Ониоманияны медицина саласында психикалық бұзылыстар қатарына жатқызады. Емдеуді қажет ететін бұл дерт тек қаржылық



қиындықтарға ғана емес, сонымен қатар психологиялық, әлеуметтік мәселелерге де алып келеді. Мұны емдеу шаралары бірнеше сатыдан тұрады.

Әуелі психотерапиялық әдістерді пайдаланып, өзінің әрекетін, қажеттілігін және эмоциясын бақылауды үйрену керек. Когнитивті терапия барысында шопоголиктер артық сауда жасаудың себептерін түсініп, оны басқаруды үйренеді. Одан кейін өз қаржысын дұрыс жоспарлауды үйрену қажет. Қаржылық жоспарлау мен бюджет құру арқылы олар артық шығыннан бас тартуға тырысады. Ең қызығы ониоманиядан арылу үшін адамға отбасы мен жақындарының қолдауы маңызды рөл атқарады екен. Олар шопоголикке саудасыз да өмірдің мәні бар екенін түсіндіруі қажет.

Ониоманияны жай ғана құмарлық немесе уақытша әдет деп қабылдауға болмайды. Аталмыш дерттен арылудың жолы – психотерапия мен өзін деген бақылауды күшейту. Қоғамда бұл мәселені назардан тыс қалдырмай, психологиялық сауаттылықты арттыру басты назарда болуы тиіс.

Аружан ОРАЛБАЙ

Өмірдің өзінен

СОҢҒЫ ӨТІРІК

Сол бір тұла бойын түнерткен жаңалықтан кейін Бекарыс біраз уақыт ес жия алмай отырып қалды. Үйдің төрінде ілініп тұрған әкесінің суретіне ұзақ қарады. Біресе өзінің де ата сақалы аузына түсіп, немере сүйіп отырған шағына дейін жұрттың балаларына ұқсап жетімдік жанын жүдетпегеніне, әке-шешенің тірі кезінде тоғыз балаға таршылық көрсетпегеніне шүкір етеді. Енді бірде жүрегі ытқи соғып, шешесіне лайықты ұл бола алмадым ба дегенді ойлап түнереді. Асылында, бұл ес білгелі мәңгілік мекеніне бес жыл бұрын қайтқан әкесін – «әке», жалған өмірде санаулы күндері қалған шешесін «ана» деп айтып көрмеген еді. Ішін жегідей жеп бара жатқан адам түсінбейтін сезім де осы гәптен пайда болса керек.

лайықты атап өтіп, «мәңгілік өмірге» алаңсыз аттанса деген ойы... Әрі-беріден соң осы үйге келін болып түскенде мейірімін төгіп, шаруашылыққа баулыған енесінің томпаңдап жүре бергені, оған мұның кіші қызындай еркелей жүрген кездері қуаныш екенін ұғынады. Артынан ерген келіндерді ұйыстырып, үйдің берекесін келтіріп отырған мұны Айған да ерекше көретін. Солай болғасын әрен дем алып отырған енесінің жағдайын жасап, соңғы өтірікке санасын сендірту осының мойнына жүктелді.

– Апа, бұрын сәл аяғыңыз ауыратыны болмаса, денсаулығыңызға шағым айтпайтын едіңіз, білесіз бе? Жұрттың бәрі бала кезден қан қысымамен ауырса, сіз сексен жастан асқаннан кейін алғаш рет... Уайымға берілмеңіз. Бірнеше күннен кейін, жазылып, қайтадан аяққа тұрасыз. Дәрігерлер солай деп жатыр, – деді өкісін күшпен басып. Айған мұның сөз ырғағынан жағдайдың соншалықты жақсы емес екенін біліп тұрған болар. Десе де өтірікке жаны сенгісі келеді. Құдайдың кеңшілігінен үмітті. Өмір сүрудің қандай керемет екенін дәл Айғандай ешкім түсіне қоймас, сірә.

Тура екі күн өткеннен кейін қаладағы ең сәулетті мейрамхананың бірінде ұлан-асыр той берілетін болды. Бекарыс алыс-жақын ағайынның әрқайсысына арнайы шақырту жіберді. Бірақ аналарының өлім аузында отырғанын да ескертті. Өзіне ештеңе айтпағанын, соңғы туған күнінде абысын, бауырларын көріп, қуанышта бір маркайып қалсын деген ойын қоса жеткізді. Тіршілікте тұма-туыстың қуаныш-қайғысынан қалмай, бір жағын көтерісіп жүретін Айғанның дәм-тұзы түгелсіздігі тұрғанына ешкім сенгісі келмеді. Еңбектеген баладан – еңкейген қарияға дейін шын қайғырды. Мәнді, мағыналы өмір сүру деген осындай болса керек. Барлығы бір ауыздан

белгіленген мейрамханада жолығатын болып келіскен.

Той белгіленген уақыт соқпай жатып, мұнда жиналғандар қарасы қалың болды. Әдеттегідей асаба келген қонақтардың көңілін тауып, биші-әншілер өнерін ортаға салып жатты. Тойдың иесі Айғанның сырқаты бұл уақытта үдей түскен. Үйдің үлкен келіні қонақтарды қарсы алып: «Алым қазір келеді» деумен болды. Дастарқан ашылып, барлығы есікке қарай елдендеп отыр. Ал анаданда отырған кемпірлер көк пакетті толтыра алмай әуре. Той ортасына жетпей жатып өздері отырған үстелдерінің көпшілігінде бос төрелкелер тұрды. Сондағы Айғанның балаларының жаға ұстағанын көрсен... Тек үйдің екіншісі Айарыс ғана жуан дауысқа салып, жиынның негізін түсіндіргендей болды.

– Айналайын, ағайын-туыс, бауырлар! Шешеміздің сырқаттанып қалғанын барлығыңыз естіген боларсыз. Бұл той басқаларынан сонысымен ерекше. Айықпас ауруға шалдыққан анамын көңіліне тиіп алмай, біліп тұрсақ та, білмегендей, ізгі тілектерімізді арнасақ. Оған дейін алдағы астан дәм тата отырыңыздар. Ауысқаның құдай жолына берген садақа ретінде салып алыңыздар. Бастысы, Айғанның алдында көңілді жүрулеріңізді сұраймын, – деді де, шыдамай кетті білем, жылдам қадаммен сырқа шыққанына асықты.

Бір уақытта мейрамхананың сән-салтанатты есігінен жүзі домалақ, таяққа сүйенген Айған аяғын әзер басып кіріп келді. Жиналғандар қошемет көрсетіп, төрге шығарды да, қыз кезінен бірге келе жатқан қос құрбысын екі жағына жайғастырды. Сол сәтте Бекарыс микрофонға ұмтылып, әңгімесін бастады.

– Ес білгелі үйіміз қатар орналасқан осы екі кемпірді көзім жазбай таниды. Совхоздың үздік сауыншылары еді. Бірақ Айған бәрінен көбірек сүт сауатын. Одан бергі уақытта, үлкейгенше тынбай еңбек етіп келді. Соның арқасында бүгін ешкімнің сүйемелдеуісіз үшеуі де сексенін сегіріне шықты. Бүгін сіздердің де туған күндеріңіз деп білемін, – деп

алтын білезік тақты. Артынша көрші елдімекеннен келген туыстар жарыса тілек айтты. Бірақ барлығының дауысынан қиамстық пен аянышты ырақ байқалып тұрды. Меймандар той иесіне бағалы сыйлықтар табыстап, көңілін көтергісі, разы еткісі келеді. Әзер отырса да, жүзінен нұр шашқан домалақ әжей бұған аса мән бермеді. Көңілін салғанның бәріне күлімсірей қарайды. Ұл-қыздары да «көңілін көтеріп қалар» делі ме, бірі миллиондап ақша ұстатса, екіншісі бриллиантпен көмкеріп жатты. Сөз кезегі Бекарысқа келгенде мейрамхана ішінде өлі тыныштық орнады. Трактордың дауысындай арылдаған шаруа адамның бұрын бұлай ашылғанын шешесі де көрмеген болар.

– Мен әжемнің баласы едім. Айған кесеге шай құйып, алдыма қойса, атып тұрып, онысым дақтырып жіберетінімін. Ана үшін бұдан асқан қасірет жоқ шығар. Онымен қоймай, тоғыз ай көтеріп, тоғыз күн толғатқан шешемді өмір бойы атымен атап келемін. Үлкен үлкені маған ерген балалар да Айған деп шақырып кетті. Бұл кемпір, бірақ, жүз жасайды. Сонда да болса күз тірісінде «анашым» деп, маңдайынан сүюге рәкәт етініздер, – деді. Сөйтті де таағына сүйеніп отырған анасының алдына құлай кетті. Көзден аққан пара-пара жасын тоқтата алмай, ірі денесімен еңкілей жөнелді. Бірақ бұл уақытта Айған жібі қоймады. Қазақы дәстүрдің қаттылығынан әйелге тән нәзіктікті көрсете бермейтін. Мүмкін бала кезінде бұрылып қарамаған ұлдың мына қылығын түсіне алмай тұрды ма, әдеттегідей жылы жымысып қоя салды. Тоғыз ұл анасын ортаға алып, суретке түспек болғанда, Бекарыс шешесінің аяқ жағына келіп, суық еденге жаттап кетті. Көзіндегі іркілген жасты сығып алды да, күлімсіргендей суретке түсті. Қазақы үйдің қатқыл мінезді баласы мұндай мойындауды, сезімге толы сөздерді айтуы өзіне мүмкін еместей көрінгені рас. Түрі «сал қызып алғанын қандай жақсы болды, жеңілдеп қалдым-ау» дегендей еді.

Арада бір жұма уақыт өткеннен кейін кемпірдің дәм-тұзы таусылды. Тойдан кейін қаладағы кіші ұлының үйіне қайтқысы келді. Ухліеп-ақылап жүріп, заттарын жинаған. Тек Бекарыстың «осында қала бер, ұлың ісапардан келгесін, өзім алып барамын» деген сөзіне тоқтаған. Бұдан кейінгі күндері жағдайы одан әрі нашарлай түсті. «Үйге қайтамын» деген сөзі де қайталап аузына алған жоқ. Шамасы өлімнің жақындап қалғанын сезген болар, өзі сенген өтірік құтқара алмады.

Сартай БАЙЖАН